«Бітімгершілік қызмет дегеніміз ол Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелерінде Біріккен Ұлттар Ұйымының жарғысының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттер (мемлекет) қабылдайтын, саяси, экономикалық, әскери және өзге де сипаттағы дауларды шешуге, сондай-ақ үшінші тараптың араласуы арқылы мемлекеттер арасындағы немесе мемлекет шегіндегі қақтығыстарды болдырмауға, олардан қалыс қалуға және тоқтатуға және бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға ықпал ететін, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін гуманитарлық көмектер көрсетуге бағытталған шаралар жиынтығы» [2].

Қазақстан Республикасының бітімгершілік қызметінің мақсаттары ретінде ол саяси, экономикалық, басқа да сипаттағы дауларды шешу, халықаралық қоғамдастыққа сонымен қоса шетел мемлекеттеріне мемлекеттер арасындағы немесе бір мемлекет ішіндегі қақтығыстарды болдырмау мақсаты, сонымен қоса осындай қақтығыстарда көмектесуден қалыс қалмау, қақтығысты тоқтатуға жәрдемдесу, қазақстан мүше болған және қабылдаған халықаралық міндеттемелерге сәйкес бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін пассивті әрекетте гуманитарлық көмек көрсету болып табылады.

«Бітімгершілік» (*миротворчество*) деген терминнің өзі БҰҰ қолданысынан енгізілген термин болып табылады, дипломатиялық әдістерді қолдану арқылы жанжалға қатысушы екі жақты әскери қарулы әрекеттерін доғару мен келісімдер жүргізу арқылы бейтараптық немесе теңдей шешім қабылдауға, олардың дауларын реттеуге шақыруды немесе соларды істеу үшін әрекет етуді білдіреді. «Бейбітшілікті сақтау дегеніміз БҰҰ-ның бақылауымен әскери конфликтілерді тежеу және тоқтату» [3].

Бітімгершілік туралы нормалар алғаш рет 1928 жылғы Халықаралық дауларды бейбіт жолмен реттеу туралы БҰҰ-ның халықаралық бас заңында айтылды. БҰҰ-ның Жарғысының 2-бабында: Мемлекеттер халықаралық дауларды келіссөз, бітімгершілік, арбитраж, сот, аймақтық ұйымдар мен келісімдерге жүгіну, басқа да дауды шешудің бейбіт жолдары арқылы жедел және әділ жолмен шешуге тиіс» делінген [4].

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап бітімгершілік саясаты дүниежүзілік және ұлттаралық аренада жаңа қырынан таныла бастады. Бұл күнде бітімгершілік қызметтері жаңа мамандық іспеттес жандана түсіп өзінің жұмысының өзектілігін айқындай түскен. Бітімгершілік саясаты ол тікелей дүниежүзілік және мемлекеттік қауіпсіздікті және бейбітшілікті сақтау маңызына ие.

Бітімгершілік саясаттың жүргізілуі әртүрлі саяси және әскери қақтығыстар мен жанжалдардың шығу себептері мен туындауына байланысты жолдары өзгеріп отырады. Халықаралық құқықта зорлық зомбылыққа қарсы реторсия, репрессалия, өзін-өзі қорғау сияқты үш түрлі құқық берілген. *Реторсия* дегеніміз – бір мемлекеттің зиян келтірген әрекетіне жауап ретінде заңды түрде жауласу және зиянды әрекетке бару арқылы жауап беру шарасы. *Репрессалия* – басқа мемлекеттің заңсыз әрекетіне қарсы қолданылатын заңсыз әрекет. Реторсияның басты айырмашылығы заңды әрекет болуында. *Өзін-өзі қорғау құқығы* бұндай жағдайда да алдымен өзіне қарсы қарулы шабуыл жасалғанын дәлелдеу керек. Өзін-өзі қорғау үшін шара қолданып, шабуылдың бетін қайтаруға мемлекеттің құқығы бар.

1970 жылы Халықаралық құқықтық принциптері туралы декларацияда: «Мемлекеттерге басқа мемлекеттегі режимді күшпен құлатуға тырысып отырған лаңкестік немесе қарулы әрекетті ұйымдастыруға, көмектесуге, қаржыландыруға, арандатуға жол берілмейді. Сондай-ақ басқа мемлекеттегі азаматтық қақтығысқа араласуға тыйым салынады» [5].

Алайда мемлекеттің басында отырған кейбір саясаткерлер бұл заңдарды орындамай құқықбұзушылыққа барып жатады. Соның салдарынан жер бетінде соғыс өрті шығып жатады. «По подсчетам английских специалистов Д.Смирта и Э.Брайена, в 1998 – 2003 гг. в мире разразилось 120 войн. Согласно данным Комиссии ООН по делам военных беженцев (UNWRA), только в 1995 г. наблюдалось 84 вооруженных конфликта» [6].

Жалпы БҰҰ-ның араласуымен 2020 жылға дейін бейбітшілікті сақтауға 73 бітімгершілік миссиясын атқарыпты. Бітімгершілік қызметі барысында мемлекетаралық дүниежүзілік дағдарыс

салдарынан әртүрлі әлеуметтік мәселелер, денсаулық сақтау, кедейшілік пен геноцид, репрессия сияқты мәселелермен айналысып ғана қоймайды азаматтық соғыстар, ұлтаралық соғыстар мен қақтығыстар, конфессияаралық қарулы қақтығыстарды болдырмауға екі жақты ортақ бітімге келуіне шақырады.

Бітімгершілік қызметті атқаратын ұйымдар басқа елдің шекарасына әскерін енгізуі арқылы ол елдің ережелері мен талаптарының бұзылуына немесе жанжалдардың күрделі сипатқа енуіне де тікелей әсер етуі мүмкін.

Бітімгершілік қызметтердің маңызы біз атап отырған ұжымдарда әскери қақтығыстар салдарынан болатын зорлық-зомбылық әрекеттердің барлығы соғысты жүргізу кезінде орнатылатын жалпы қабылданған нормаларға сай келмейтіндігінде, бұның барлығы қарулы қақтығыстардың қаталдануы мен күш көрсетудің өзгергендігін білдіріп соның салдарынан қаза болған, жапа шеккен адамдардың санының көбеюіне алып келіп отыр. Сондықтан көптеген мемлекеттер мен дүниежүзілік ұйымдардың саяси басым бағытының бірі ретінде қарулы қақтығыстар мен жанжалдарды болдырмауға, реттеуге қатысты бағытталған саясаты мен қызметтері басымдықта тұрады.

Алайда еліміздің бітімгершілігі БҰҰ-на кірместен бұрын басталған. Кеңес Одағы тұсында 1978-1989 жылдар қақтығыс пен соғыстан көз ашпаған ауған жері көршілес жатқан аймақтарға үлкен қауіп туғызатын. Кеңес одағы ыдыраған тұста Тәжікстанда азаматтық көтерілістің соңы шекарадан өтпекші болған исламидтік топтың билікке талас туғызуы мақсатында жасаған қимылдары соғыс өртінен өршіте түскен. ТМД елдері соның ішінде Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан жиналып Тәжік-Ауған шекарасын қорғау туралы шешім қабылдап бітімгершілікке өз әскерлерін жасақтаған болатын.

Қазақстан Республикасындағы бітімгершіліктің алғашқы және тарихи бастамасы бауырлас осы Тәжік-Ауған шекарасында өткен. Бітімге Шымкент қаласына қарасты ПМ-нің сарбаздары, екі рота мотоатқыштарды Сарыөзек пен Отар әскери бөлімшесі даярласа, келесі ҚР ҰҚК әскерлерін Шығыс Қазақстан облысына қарасты Күршім мен Зайсанның шекаралық әскери бөлімшелері даярлықтан өткізген. ҰҚК шекара қорғаныс Министрлігі және ҚР ПМ әскері бірігуі негізінде шоғырландырылған Қазақстандық батальон жасақталып, сегіз жыл аралығында одақтастары алдындағы борыштарын өтеуге аттанды.

1992 мен 2001 жылдың аралығына дейін он мыңнан астам қазақстандық жауынгер-бітімгершілер ТМД елдерінің оңтүстік

шекараларында қызмет еткен. 1995 жылдың 7 сәуірде Памирдың Пшихавр шатқалында қазақстандық жасақ әскери бітімгершілік қызметтерін атқару барысында исламидтік топтардың тұтқиылдан тап беріп қоршауында қалса да беріспей жанқиярлықпен жауға қарсы күрес жүргізген. Осы ұрыста ПМ-нен аттанған 33 сарбаз жараланып 17 сарбаз қаза тапқан. Солардың қатарында: старшина Қалмақан Бақбаев, сержант Радик Қаймулдиев, сержант Әлихан Өгізбаев, қатардағы жауынгерлер Қанат Едрышов, Ербол Исабаев, Ержан Әбдиев, Ержан Байбағысов, Еркін Байқабылов, Ербол Бекебаев, Бауыржан Далабаев, Жақсылық Жансүгіров, Имомодин Жұматов, Михаил Мартыненко, Еркебұлан Мақажанов, Анатолий Мешков, Дастан Нұрметов, Тахир Рахымжанов. Тұтқиылда қоршауда қалып қаза тапқан сарбаздардың ерліктері мәңгі ел есінде қалары сөзсіз. 17-і сарбаз көз жұмған жерге Тәжікстан мемлекеті құрметпен еске алып ескерткіш құлпытасын орнатқан. Қазақстанның бітімгершілік қызметтерін атқару тарихындағы бір күннің ішінде ең көп жоғалтқан сарбаздарының саны еді. Еліміз арнайы сәуір айының 7-сін қаралы күн ретінде атап өтеді. Бітімгершілік күні ретінде ғылыми конференциялар, халықаралық симпозиумдар, дөңгелек үстелдер өткізіліп тұрады. Тәжік шекарасына барғандардың көпшілігі сарбаздар олар бір жылдық әскери борышын атқарған соң ғана барып өтініш бере алатын. 1991-1995 жылдары елімізде (*кадровый*) әскери мамандар жетіспейтін ол кездері сұранып барған әскери мамандардың өтінішін қабылдай бермейтін. Бүгінгі күні бітімгершілікке барып келген әскери мамандардың біразы ЖОО-да ұстаздық қызмет атқарып жүр. Алматы қаласында орналасқан Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтында п-к Ноғайбеков М., Райчинец Ю., Касимбаев Ғ., Алтаев Н., Сарыжігітов Ш., Ембергенов Е.

Құрлық әскерлерінің Әскери институтының атыс кафедрасының бастығы полковник М.Ноғайбеков өз сұхбатында: «Егемендігін енді ғана алған мемлекетімізде офицерлер тапшы еді әскери мамандар елімізге ауадай қажет болатын. Сондықтанда офицерден гөрі әскери борышын енді ғана өтеп біткен сарбаздардың өз өтініші бойынша Тәжікстан жеріне бітімгершілікке жіберетін еді. Қазақстаннан барған сарбаздарға Тәжік-Ауған шекарасында бітімгершілік қызметтің өтілуі оңай бола қойған жоқ. Аймақтың орналасу бедері жазық емес, биік заңғар таулар, шақпақ-шақпақ жартастар күндіз 45°С ыстық, түні қатты суық болып ауа-райы да қолайсыздық туғызатын. Тау шыңында орналасқан әскери бөлімшені сумен, тамақпен қамтамасыз етілуін былай қойғанда түнгі күзет (қарауыл) қиынға соғатын. Осындай таулы аймақтарда арнайы әскери тактикалар


қолданылады. Жалпы бітімгершілік қызметте болуым білімімді шыңдауға, әскери тәжірибе жинақтауыма себепші болды. Қазіргі таңда бітімгершіліктен жинақтаған мол білімімді курсанттарға үйретіп ұстаздық қызмет атқарудамын» – дейді.

«Тактика» кафедрасының аға оқытушысы полковник Н.Алтаев: «Жер бетіндегі адамзат баласы бақытты болуға, бейбіт өмір сүруге құқылы. Халықаралық құқықта арнайы бейбіт халық пен бейбіт тұрғындарға шабуыл жасауға болмайды деп тыйым салынғанымен де бұл заң күнделікті өмірде орындалмайды. Осының кесірінен жазықсыз адамдар мен бейкүнә балалар зұлым саясаттың құрбанына айналып жатады.


Бітімгершілік миссиясына баратындар алдымен жергілікті жердегі бейбіт тұрғындардың мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлауға міндетті. Тіпті сөзін жеткізе алмаған жағдайда қолмен көрсеткен ишараңыз жергілікті жердің түсінігінде өзгеше теріс мағынаны білдіруі мүмкін сондықтан да мұқият болуды қажет етеді».

Сіздің баруыңызға не себеп болды деген сұрағымызға полковник Н.Алтаев мырза: «Тәжікстан бауырлас ел бейбіт елді басқыншы топтардан қорғау менің азаматтық ғана емес, әскери борышым деп баруға бел шешкем» – деді. Қазіргі кезде басқа елдің шекарасын күзетіп емес өзіміздің Отанымызды қорғау үшін әскери борышын өтеуге барғысы келетіндердің қатары сиреп бара жатыр. Соғыс өрті тұтанып жатқан жерге сұранып барып ерлік көрсеткен жауынгерлердің болмысы кейінгі ұрпаққа үлгі, патриоттық тәрбие беретін өнеге мектебі. Бітімгершілікке барған респонденттерден терең сұхбат алу барысында бірқатар сұрақтарымызға жауап алдық.

1-диаграмма. Бітімгершілікке барудағы негізгі мақсат



2-диаграмма. Бітімгершілікке барғандарды толғандыратын мәселе



«Бітімгершілікке барудағы негізгі мақсат» тақырыбында алынған сұхбатта бітімгершілікке барғандардың 90% материалдық жағдаймен байланысты болып шықты. 1991 жылы кеңес одағы ыдырап тәуелсіздігімізге қол жеткізген тұста экономикалық қиыншылықтар туындаған еді. Алдыңғы 1995 жылы Тәжікстан артынан 2013 жылы Ирак жеріне бітімгершілікке барғандар әлеуметтік жағдайдың себеп болғанын алдыға тартады. Бітімгершілік миссиясына барған әскери мамандардың лауазымдары өсіп карьералары ілезде жоғары көтерілген. Осыған байланысты әскери мамандардың ішінде карьера үшін бітімге баратындардың саны 45% көрсетіп отыр. Шет елмен тәжірибие алмасу үшін барғандар 69%. Қазақстан бітімгершілік операциясына қатысуы пассивтік тұрғыда жүзеге асырылады. Қазақстан Қарулы Күші бітімгершілікті Үндістан Қарулы Күшімен бірге атқарады. Гуманитарлы көмекке азық-түлікпен қамтамасыз ету, дәрі-дәрмек жеткізу, медициналық көмек көрсету, су тазарту, су шығару, миналарды тазалайтын инженерлік-саперлық қызметтер жатады. Бірақта Ирак жерінде бітімін өтеген полковник Қасимбаев Ғ. пассивті болғанмен де тұтқиылдан шабуылдайтын соғысқа даярлық қалпында өткіздік. Кез-келген жағдайда бәріне даяр болу позициясын ұстандық. Бітімгершілікке барғандар өз өмірін өзгеге ұсынған жандар десем артық айтпаспын. Өйткені ол жер қызыл алаң, гуманитарлы болғанмен де күнделікті жағдаяттар белең алып тұратын. Бітімгершілік қызметін өтегендер жалпы

әскери тәжірибе жинақтап ғана қоймай сонымен бірге тіл тұрғысынан да тәжірибие алмасуға септігі тигенін айтып өтті. Бітімгершілікке баратындардың бір ерекшелігі олар ағылшын тілінде емін-еркін сөйлей алады. Қоғамда өзін мойындату үшін барғандардың көрсеткіші 1% алады.

Бітімгершілікке барғандарды толғандыратын басты мәселе денсаулық 8,2%, отбасылық мәселе 3,2%, арнайы саясаттың жүргізілмеуі 1,4%, әлеуметтік-психологиялық көмек 5,5 % көрсетіп отыр.

Көп жылдан бері Ауғанстан мен Тәжікстан шекарасында қызмет етіп бітімге барған ардагерлердің мәртебесі жоқ еді. Тәжікстан, Ирак аймағына барған бітімгерлер елімізде мүлдем әлеуметтік-психологиялық көмектің көрсетілмейтіндігін айтты.

«2020 жылы «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасының 5 наурызындағы №98 қаулысында ардагерлердің жаңа санаттарына енген азаматтарға ай сайын 4,8 АЕК көлемінде, яғни 13435 теңгелік арнайы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалған» [7].

1992 жылдан 2001 жылға дейінгі кезеңде тәжік-ауған учаскесінде ТМД-ның сыртқы шекараларының сыртқы қорғанысын күшейтуге қатысқан, 1968 жылы Чехословакиядағы жанжалды реттеуге, Таулы Қарабахтағы этносаралық жанжалды шешуге, Ирактағы бітімгершілік операцияларына қатысқан ұлттық контингентке кіретін азаматтар санатын ардагерлер санатына кіргізіп медициналық, тұрғын үй жер учаскесін алуға, салықтың барлық түрінен босатылады сонымен қатар санаторийге тегін демалуға жіберілетіні бітімгершілікке барғандарды бір қуантып тастады.

Дегенменде бейбітшілік солдатты аталған ардагерлердің отбастарына не болмаса балаларына әлеуметтік тұрғыдан ештеңе тағайындалмаған. Бітімгерлердің балаларына тегін не болмаса жартылай төлеммен білім алуына мүмкіндік берілсе отбастарына жасалатын басты көмектің бірі болмақ деп ұсыныс жасағымыз келеді.

1992 жылы 2 Наурызда БҰҰ-на енген Қазақстан дүниежүзі бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау қызметтеріне белсене қатысып келе жатыр. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның құрамына кіргеннен бастап бітімгершілікке баратын қызметкерлер халықаралық әскери стандартқа сай даярлықтан өткізу үшін «Қазбат» батальоны құрылды. «Қазбат» батальонының командирі капитан А. Нұрқасымов бітімгершілік қызметін бастаған сәттен бастап инженерлік-саперлық батальоны төрт миллионға жуық жарылғыш заттарды залалсыздандырғандығын 6718 кубометрлік су тазаланғанын айтып өтті.

«Қазбат» Иракқа бағытталған батальонның мақсаттары пассивтік тұрғыда жүргізіледі жарылмаған қаруларды табу мен залалсыздандыру, медициналық көмектер көрсету мен ауыз сумен камтамасыз ету жұмыстарын жүргізу және азаматтық халықтың қауіпсіздігін сақтау мен бейбітшілікті орнату болып табылады.

Бітімгерлік қызметтерін ұйымдастыру мен атқару кезінде шиеленіс аймағында әйелдердің саны арта түскен. Халықаралық бейбітшілікті орнату кезінде әйелдер ерлермен қатар иық тіресіп қызмет атқаруда. Қазақстандық әскери дәрігерлер «Дельта» атты базада америкалық дәрігерлер тобымен бірге жұмыс істеп жергілікті тұрғындарды емдеп аянбай қызмет етуде.

«2003 жылдың 20 наурызындағы Иракқа Ұлтаралық Коалицияның әскерін енгізуге себеп болған ол Саддам Хусейннің халықаралық терроризмді және жаппай қырып-жою қаруын жасауды қолдағандығы себеп болды. Алғашқы болып әскерді енгізу әрекеттерін ұсынған АҚШ Президенті Джордж Буш болды, ол Саддам Хусейннің диктаторлық әрекеттерін жою негізінде Иракта жаңа демократиялық ұстанымдар мен бағыттарды ұстанатын жаңа басшыны орнату керектігін айтқан» [8].

Ирак басшылығының тарапынан қазақстандықтардың «Иракқа тәуелсіздік» атты әскери операцияларына қатысқаны үшін алғыс білдірген. Бітімгершілік қызметтерді ұйымдастыру кезінде әртүрлі тараптардан адамдар қаза болды, оның барлығы тарихта қалуы керек. Соның бірі 2005 жылы 9 қаңтарда Васип аймағында қару-жарақтарды тиеу барысында қаза болған қазақстандық Қайрат Құдабаевты және Қазбаттың жаралы болған батырларының еңбектері мен ерліктерін бірі білсе бірі білмейді. Дүниежүзі бойынша бітімгершілік қызметті ұйымдастырушылар мен оған қатысқан адамдардың еңбектері мен ерліктері ешқашан ұмыт қалмауы керек. Осындай батырлар тек өз елдері мен өздерінің қамы үшін емес, дүниежүзі бойынша бейбітшілік пен татулықты сақтау мақсатында ерлік еткендер болып табылады.

«Қазбат» сержанты А.Қожахметов: «Менің Ирак жайлы еске алуым ауыр тиеді, себебі бітімгершілік қызметін атқарған отандастарым мен украиндық бітімгершілік қызметін атқарғандардың қазасын көрдім. Бейбіт өмір сүрген жазықсыз адамдардың қазасын көрдім, достарыммен бірге қарсы жақтың минометтың атқылауының астында қалып бір өлім аузынан аман қалдым. Жалпы Иракқа баруымды әскери тапсырма деп білемін, осы жолда минаны залалсыздандыруда әскери біліктілігімді ұштап тәжірибе жинақтап келдім».

2018 жылдың 31 қазан айында Ливан аймағындағы қақтығысқа 120 сарбаздан жинақталаған жасақ бітімгершілік миссиясын атқаруға аттанып кетті. Ливан Республикасындағы бітімді үнді батальонымен бірге атқарды. Қазақстандық әскери бітімгер аймақтағы тыныштық пен бейбітшілікті сақтауға қатысты әрекеттер мен аймақты тінту, бақылау орындарында кезекшілік, оқ атуды тоқтату, сонымен қоса жергілікті халыққа көмектесу жұмыстарын ойдағыдай атқарды. Қазақстан Республикасының әскери бітімгершілік қызметкерлерінің еңбегі халықаралық деңгейде жоғары бағалануда. Ұлттық бітімгершілік бөлімдерінің бітімгерлік миссияларына қатысуы ол тек қана ұлтаралық қауіпсіздікті нығайтып қана қоймай сонымен қоса еліміздің халықаралық аренада абыройын өсіріп айтарлықтай мәртебесін көтерді.

Халықаралық әскери бітімгершілікке баратындар Қапшағайда орналасқан әскери бөлімде арнайы дайындықтардан өтеді.

Жыл сайын халықаралық «Дала бүркіті» атты әскери-тактикалық бітімгершілік оқу жаттығулары өткізіліп тұрады. 2012 жылы «Бейбітшілік үшін серіктестік» атты жобасы аясында АҚШ, Ұлыбритания, Тәжікстан, Қырғызстан, ГФР, Литва, Франция, Италия және басқа да елдердің әскери қызметкерлері қатысып келеді.

«Бейбітшілік кезіндегі серіктестік» атты жоба аясында Құрлық әскерлері Әскери институтының (КАЗЦЕНТ) білім беру орталығында төмендегідей курстарды оқытады:

- Көпұлтты операциялар кезінде қолданылатын ағылшын тіліндегі әскери терминология;
- Мәдени таным арқылы Орталық Азия мен Ауғанстандағы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- БҰҰ бітімгерлік қызметтерін енгізу;
- БҰҰ штабтық офицерлері;
- Бітімгершілік қызметтердің құқықтық аспектілері;
- «Азаматтық халықты қорғау» БҰҰ-ның курсы;
- БҰҰ полиция офицерлерін қайтадан әлемдік деңгейге сай білімін жетілдіріп біліктілігін шыңдайды.

Қазақстанның әскери доктринасында бітімгершілік қызметіне қатысты болашақта орындалатын негізгі іс-шаралар көрсетілген:

- Мемлекеттің бітімгершілік қызметтерін іске асыратын бөлімнің мүмкіндіктері мен қабілеттерін жетілдіру, халықаралық және аймақтық ұйымдардың техникалық және жеделдетілген жұмыстарына кірістіру бойынша қазақстандық бітімгерлердің жұмыстарына ортақ стандартқа бағыттау;

- Халықаралық ұйымдар жүргізетін іс-шараларға біздің бітімгер сарбаздардың тәжірибе жинаулары мен өздерін жетілдіру үшін бірге әртүрлі іс-шараларға қатысуларына, халықаралық тыныштық пен бейбітшілікті сақтау жұмыстарын ұйымдастыру мен атқаруға қатысты шараларға қатысуға мүмкіндіктерін арттыру;

- Жеке әскери компаниялар мен күзет компаниялардың жұмыстарын бақылауды іске асыру, олардың жұмыстарын реттеу мен жүйелеуге қатысты халықаралық құқықтық актілерді құрастыру үшін БҰҰ ұйымдастыратын мемлекетаралық жұмыстарға қатысу;

- Қазақстан Республикасының шекарасындағы аймақтық бітімгерлік орталығын дамыту;

- БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің резолюциясы шеңберінде бітімгерлік бөлімшелерді БҰҰ миссияларын іске асыруға жіберу [9]. Дүниежүзінде қақтығыстарға өтіп жатқан әскери контингентінде жанжалдық жағдайларды реттестіру барысында тәжірибе жинақтап қалды. Осыған сай әскери қақтығыстар кезінде жанжалдарды басуға қатысты әрекеттер, бейбітшілікті орнату кезіндегі атқарылатын жұмыстардың барлығы БҰҰ Қауіпсіздік серіктестігінің мандаттары негізінде және БҰҰ жұмыстары мен шешімінің Қазақстан Республикасының заңнамаларына сай келуі керек, ол жерде осындай қауіпсіздікті орнату кезінде қолданылатын әрекеттерге қатысты ҚР парламентының рұқсатымен ғана іске асырылады.

Қарулы күштер әскери контингенті, басқа әскери бөлімдер мен әскери құрылымдар әлемде қауіпсіздік жағдайын орнату кезіндегі атқарылатын бітімгерлік қызметтерді орындау барысында бір ауызбен мына принциптерді орындауы және бағынулары керек, олар:

- БҰҰ ережелерін, халықаралық заңнамаларын, қабылдап отырған мемлекеттің заңдарына бағынулары керек;

- БҰҰ ережелерін, халықаралық заңнамаларын, қабылдап отырған мемлекеттің заңдарына бұлтартпай орындаулары тиіс;

- Қатысушылардың барлығының алауыздықты бейбіт жолмен реттеуге қатысты келісімдері болуы тиіс;

- БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің бақылауы мен басшылығы орнатылады;

- Адам құқығын қорғау мен жергілікті мекен ететін тұрғындардың дәстүрлері мен ережелерін сақтау;

- Өзін-өзі қорғау мақсатында күш қолдану және егерде бітімгершілік миссияны орындау кезінде мандат ережелеріне қатысты қарсыласулар болған жағдайда оны болдырмау әрекеттерін жасау.

БҰҰ өзінің бітімгерлік жұмыстарын орындау барысында

мемлекетаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде тиімді екі аспектісін көруге болады. Бірінші халықаралық қауіпсіздік кеңесінің құрамына кіретін елдердің әскери және әскери-техникалық базасын жетілдірсе, сонымен қоса елдерде бітімгерлік қызметті ұйымдастыру мен атқару кезінде орындалатын жұмыстар арқылы шет елдің озық тәжірибесін жинақтап әскери өнерінің жетілуіне ықпал етеді. Қазіргі кезде дүниежүзі бойынша әскери бітімгершілік қызметтерінің маңыздылығы артып келеді. Бітімгершілік қызметтер өздері қойған мақсаттарға сай эволюциялануды талап етіп отыр.

Қорытынды

XXI ғасыр жер бетінде саяси тұрақтылықтың болмауы, халықаралық терроризм мен экстремизмның өршуі адам баласын болашаққа деген сенімсіздігі арта түсуде. Жер бетіндегі мемлекеттер дүниежүзінің бір бұрышында тұтанған соғыс өртіне бей-жай қарамай шиеленіске түскен екі жақты бітімге шақырып, жер бетіне бейбітшілік орнату үшін өзіндік үлестерін қосуда. «Бейбіт өмір ғана адамдар бақытының басты шарты болып табылады. Халықтың бірлігі, татулығы ғана тәуелсіз мемлекеттің тұрақтылығына, өркендеуіне кепіл бола алады» [10].

Қазақстан Республикасының бейбітшілік пен тыныштық жолында істелінген алғашқы қадамы термоядролық қаруға қарсы тұруы, бұл жөнінде бірінші елбасы Н.Ә. Назарбаев «Бейбітшілік кіндігі» атты еңбегінде кеңінен тоқталады. Бейбіт өмір мен тыныштықты ту еткен қазақ елі жер бетінде әр түрлі конфессия өкілдерінің басшысын бір жерге басып діндер съезін ұйымдастырған тұңғыш ел. Бұл съезде жаһандандудың аясындағы мемлекетке қауіп төндіретін терроризм мен экстремизм мәселері талқыланып қауіпті алдын-алу шаралары қарастырылады.

Қазақстан жас мемлекет болса да халықаралық бейбітшілікті сақтау жолында әрдайым бүкіл әлемге шама шарқынша көмектесуге дайын. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның құрамына енгеннен бастап Қазақстан Республикасының Қарулы Күші Ирак, Ливан, Солтүстік Африкадағы КотД Ивуар әскери бітімгершілік миссияларына қатысты.

Адамзат баласына тыныш өмір сыйлауға ат салысып борышын өтеген, бейбітшілік солдатты аталған бітімгерлердің ерлігі тарих беттерінен орын алуға тиіс дегіміз келеді. Бітімгершілік операциясында қаза тапқан сарбаздардың аты-жөндерін біреуі білсе, біреуі білмейді.

Қаза болған жауынгерлердің бейбітшілік жолындағы күрестері мен әрекеттері тарихи-философиялық, әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасы өзінің тарихи жолында дүниежүзіне тыныштық пен татулықтың моделін ұсынатын, сонымен қоса бейбітшілік өмірді насихаттаушы ел ретінде таныла бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Kriesberg L. 1989. Intractable Conflicts and their Transformation / Ed. by - N.Y.: Syracuse University Press, - P. 9.
2. «Қазақстан Республикасының бітімгершілік қызметі туралы Заңы», 2015 жылғы 15 маусымдағы № 320-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000320>(қаралған күні 25.04.2021)
3. Мокольм, Ш. Халықаралық қатынастар. Нур-Астана «Ұлттық аударма бюросы», 2019. – 502 б.
4. Chesterman,S. 2016. Law and Prakteice of the United Nations; Oxford. p77.
5. Merrills, J.2011. International Dispute Settlement, 5 thedn, Cambridge. p.10.
6. Цыганкова А. Социология современных войн. – М.:Альфа, 2004.– С. 192
7. «Қазақстан Республикасының Ардагерлер туралы Заңы», 2020 жылғы 6 мамырдағы №322 –VI ҚРЗ. [Электрондық ресурс]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000322> (қаралған күні 28.04.2021)
8. Валецкий О. Новая стратегия США и НАТО.– М.:Политиздат, 2008. – С. 62
9. «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы Заңы», 2011 жылғы 11 қазандағы №161 [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000161> (қаралған күні 25.04.2021)
10. Нурмухаметова Қ. Бітімгершілік мәселесі Қазақстан Республикасының бейбіт саясатының жетістігі ретінде // 5 Қоғам және дәуір. 2020. – №4. – 46 б.

REFERENCES:

1. Kriesberg L. 1989.Hahtygystardyrettey [Intractable Conflicts and their Transformation] Syracuse University Press, - P. 9.
2. «Qazaqstan Respublikasynyn bitimgershilik qyzmeti turaly» Zany, 2015 zhylygy 15 mausmdagy № 320-V QRZ. [Law of the Republic of Kazakhstan «On peacekeeping activities of the Republic of Kazakhstan»], Electronic resource].URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000320> (Access date: 25.04.2021)
3. Mokolm.S.2019. Halyharalyqhyhyq. [International Law]. Nur-Astana «National Translation Bureau», 2019. - 502 p.
4. Chesterman,S. 2016. Law and Prakteice of the United Nations; Oxford. p. 77.
5. Merrills, J.2011. International Dispute Settlement, 5 thedn,Cambridge. p.10.

-
6. Cygankova A. Sociologiya sovremennyh vojn. [sociology of wars]. – М.: Alpha, 2004 . p. 192
 7. «Qazaqstan Respublikasynyn Ardagerler tyraly» Zany, 2020 zhylygy 15 mamurdagy №322-VI QRZ. [Law of the Republic of Kazakhstan Veteran laws], [Electronic resource]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000322> (Access date: 28.04.2021).
 8. Валецкий, О. 2008. Novajstrategja CSA I NATO [new strategy CSA I NATO], М. Politizdat. – 2008. p. 62.
 9. «Qazaqstan Respublikasynyn Әskerі doktrinasyn bekitu turaly» Zany, 2011 zhylygy 11 kazandagy № 161 QRZ. [Law of the Republic of Kazakhstan on approval of the Military Doctrine] [Electronic resource] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000161> (Access date: 25.04.2021).
 10. Nurmuhametova K. Bitimgershilik maselesi Qazaqstan Respublikasynyn bebit sayasatynyn zhetistigi retinde [The issue of peace as an achievement of the peaceful policy of the Republic of Kazakhstan] // Qogam jane dauir. 2020. №4. – p. 46

Ғани Қарасаев

*ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының
бөлім басшысы – бас ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының докторы, профессор
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
karasayev_gm@mail.ru*

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ, ТҰРМЫСЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ, СЕНІМІ XIII-XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ БАТЫС, ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА

Аңдатпа. Мақалада XIII-XIX ғасырлар аралығындағы қазіргі қазақ даласында болып, жергілікті тұрғындардың тарихы қызықтырған, шаруашылығы, мәдениеті, салт-дәстүрлері, діни-сенімдерімен танысып, осылардың негізіндегі арнайы жазбалар қалдырып, жариялаған еуропалық, ресейлік мемлекеттік қызметкерлердің, жиһангерлер мен зерттеушілердің еңбектеріне талдау берілген. Олардың бұл шығармаларының ғылыми маңыздылығы сараланған.

Осылардың қатарында ғылыми шығармада бұл авторлардың түгелге жуығының Еуразия аңғарының орталығын ата-қонысы еткен қазақ халқының, оның арғы ата-бабаларының өз заманындағы озық шаруашылықтары, қолданбалы және ауызша мәдениеті, салт-дәстүрлері туралы оңды пікір білдірілгендігі атап көрсетілген.

Мақаланы жазудағы негізгі мақсат та есімдері аталған, еңбектеріне талдау берілген зерттеушілер шығармаларын ғылыми ортаға, қазіргі оқырман қауымға таныстыру болды.

Түйін сөздер: *сақтар, үйсіндер, ғұндар, түркілер, қыпшақтар Еуропа, Ресей зерттеушілері, Алтын Орда билеушілері, наймандар, Көшім хандығы, «қазақ» ұғымы, қазақтардың шаруашылығы, салт-дәстүрі, діни-сенімдері, Қазақстанның шығыс аймағы, Алтай өңірі*

Ғани Қарасаев

ПРОИСХОЖДЕНИЕ, БЫТ, ТРАДИЦИИ, ВЕРОВАНИЯ КАЗАХОВ В РАБОТАХ ЗАПАДНЫХ, РУССКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ XIII - НАЧАЛА XX ВЕКА

Аннотация. В статье представлен анализ трудов европейских, российских государственных служащих, путешественников и иссле-

дователей, побывавших в современных казахских степях XIII-XIX веков, интересующихся историей, хозяйством, культурой, традициями, вероисповеданием местного населения, оставивших и опубликовавших на основе этого особые работы. Была проанализирована научная значимость их работ.

Среди прочего, в научной работе отмечается, что практически все эти авторы положительно относятся к развитой экономике, прикладной и устной культуре, обычаям и традициям казахского народа и их предков, поселившихся в центре Евразийской долины.

Основная цель написания статьи – представить научному сообществу и современному читателю труды названных исследователей, чьи работы были проанализированы в данной работе.

Ключевые слова: саки, уйсунны, гунны, тюрки, кипчаки, европейские, русские исследователи, правители Золотой Орды, найманы, Кушумское ханство, понятие «казах», казахская экономика, традиции, религиозные убеждения, Восточный регион Казахстана, Алтайский край.

Gani Karasaev

ORIGIN, LIFE, TRADITIONS, BELIEFS OF THE KAZAKHS IN THE WORKS OF WESTERN AND RUSSIAN RESEARCHERS OF THE XIII-EARLY XIII CENTURY

Abstract. In the article the analysis of works of the European, Russian civil servants, travelers and explorers who have visited the modern Kazakh steppes in the XIII-XIX centuries, interested in history, economy, culture, traditions, beliefs of the local population, who have left and published special works on the basis of it has been presented. The scientific significance of their works was analyzed.

Among other things, the scientific work notes that almost all of these authors have a positive attitude to the developed economy, applied and oral culture, customs and traditions of the Kazakh people and their ancestors, who settled in the center of the Eurasian valley.

The main purpose of writing this article is to present the works of the named researchers, whose works have been analyzed, to the scientific community and modern reader

Keywords: Saks, Uysuns, Huns, Turks, Kipchaks, European, Russian researchers, rulers of the Golden Horde, Naimans, Kushum Khanate, the concept of «Kazakh», Kazakh economy, traditions, religious beliefs, the Eastern region of Kazakhstan, Altai region

Кіріспе

Еуропа, Қытай, Таяу Шығыс, одан кейінгі орыс жиһангерлерінің, зерттеушілерінің, өлкетанушыларының Еуразия құрлығының ортасындағы кең байтақ өңірді алып жатқан қазіргі қазақ даласына деген назары тіпті сонау көне замандардан бастау алды. Оларды бұл өңірдің табиғи ерекшеліктері, тұрғындарының шаруашылығы, табиғат байлығын білу, тағы да басқалары қызықтырды. Осылармен қатар аталған өңірдегі негізделген мемлекеттік бірлестіктермен қарым-қатынас жасау мүдделілігі де мемлекеттік арнайы тапсырмамен қызмет жасайтын адамдарды, шетелдік зерттеушілердің негізгі мақсаттарына айналды.

Нәтижесінде, тіпті біздің заманымызға дейінгі кезеңдерден-ақ аталған өңір туралы жазба тарихи деректер көне грек, рим, парсы, қытай зерттеушілері тарапынан беріле бастады. Осы уақыттан бастап қазіргі Қазақстанның ерте тұрғындары, мемлекеттік бірлестіктері туралы мағлұматтар сол уақыттағы әлемдік деңгейде жарияланды.

Қазақ даласын жүйелі тұрғыда зерттеу біздің заманымыздың орта ғасырларының басынан одан ары жалғасын тауып, нәтижесінде бұл өлкені білуге деген қызығушылық арта түсті.

Мақалада ХІІІ ғасырдың ортасынан ХХ ғасырдың басына дейінгі Еуропа, орыс зерттеушілері, өлкетанушылары мен жиһангерлерінің қазақ даласы, оның жекелеген аймақтарының тарихына арналған жазбалары, шығармаларына сараптама жасалынып, деректер келтірілген бұл тарихи туындылардың ғылыми маңыздылығына баға берілген.

Материалдар және әдестемесі:

Материалдар.

Мақалада толығымен тақырыпқа байланысты ХІІІ-ХХ ғасыр басы аралығындағы қазақтар, олардың шығу тегі, салт-дәстүрлері, діни-сенімдері туралы жазған еуропалық, ресейлік зерттеушілердің шығармаларына ғылыми талдау жасалынды.

Әдістемесі. Ғылыми зерттеудің теориясы және методологиясы бойынша негізінен тарихшылдық, объективтілік, тарихи салыстырмалы талдау және тарихи жүйелілік әдістері пайдаланылды.

Бақылау және талқылау.

Еуразия аңғарының орталығын мыңдаған жылдар бойы мекендеп келе жатқан қазақ халқының және оның ата-бабаларының шығу тегі, тұрмысы, салт-дәстүрі, сенімдері туралы еуропалық, орыс

ғалымдары тіпті сонау XIII ғасырдың ортасынан жаза бастады. Себебі осы мерзімнен оларға шығыстан келіп, өзінің әскери күші арқылы жолында кездескендердің барлығын бағындыра отыра орыс даласынан асып, бүкіл Еуропаға қауіп төндірген моңғолдармен танысу, оның әскери, шаруашылықтық қуатын білу, алдағы мақсаттарын айқындау, мүмкіндік болса өзара келісімдер жасау тапсырылған арнайы адамдардың қазақ даласы арқылы Моңғолияға баруы бастау алады.

Міне, аталған уақыттан Еуропа зерттеушілерінің жазба деректерінде батысында Каспийден шығысында Алтай тауларына, оңтүстігінде Алатаудан солтүстігінде Сібір аймағына дейін созылып жатқан аймақты қоныс қылған қазақтар, олардың тікелей ата-бабалары – сақтар, үйсіндер, қаңлылар, одан кейінгі түркілердің шығу тегі, мекен еткен жерлері, тұрмыстары, салт-дәстүрлері мен сенімдері, шаруашылықтары, ішкі-сыртқы сауда байланыстары, саяси, әлеуметтік құрылымдары, тағы да басқалары туралы жазып, батыс әлеміне, Ресей қоғамына таныстыра бастады. Бұл жазбалардың басым бөлігінде халқымыздың жоғарыдағы аталған бағыттарындағы тарихы шындық негізінде баяндалды.

Біздің заманымыздың орта ғасырларындағы қазақ даласымен танысуды Рим папасының арнайы тапсырмасымен моңғолдар еліне сапар жасауы кезінде қазіргі Қазақстан территориясының батысындағы Каспий теңізінің бойынан орталығында Арал теңізі, Балхаш көлі, шығысында Тарбағатай тауы арқылы өте отыра сол кездегі жергілікті түркілік рулары тұрғындарының тұрмыстары, салт-дәстүрлерімен танысып, көргендері кейін көптеген тілдерге аударылып, орысша «История Монголов, именуемых нами Татарами» деген атаумен басылып шыққан «Historia Mongalorum quos nos Tartaros appellamus» және «Liber Tartarorum» деген қолжазбаларында жарық көрген италиялық Иоанн де Пано Карпини және сапар қорытындысын «Путешествие в восточные страны» деген кітабында жариялаған фламанд монахы, саяхатшы Гильом де Рубрук болды. Олардың екеуі де алғаш рет өздерінің бұл сапар-күнделіктерінде Еуропа жұртына әсіресе көпсанды, ықпалды «Наймандар», олардың шаруашылықтары, дәстүрлері, сенімдері туралы деректерді жеткізді.

Мысалы, Иоанн де Пано Карпини: «Наймандар Шыңғыс ханның қуатының артқандығын естіп, ашуланды, себебі, бұрын олардың асқан ержүрек императоры болып, басқа халықтар оған алым төлеген еді. Ол қайтыс болғаннан кейін билікке жас және ақылсыз балалары келіп, өзара тартысқа түсті және халықты ұстап тұра алмады. ... Мұны

естіген Шыңғыс өзіне бағынышты адамдарды біріктіріп, наймандар ... жеңілді» [1, 17 б.], – деп жазды.

Иоанн де Плано Карпини қазіргі қазақтардың ата-бабаларының салт-дәстүрлерінен де құнды деректер келтіреді. Атап айтқанда оның: «Әркім өзінің шамасы келгенінше әйел алады: ағасы қайтыс болғаннан кейін оның әйеліне келесі інілерінің біреуі үйленеді және бұл міндетті болып саналады. Басқа әйелдерге олар ешқандай шектеусіз үйленеді және оларды әке-шешелерінен аса қымбатқа сатып алады» [1, 5 б.], – деген мысалдары бұл салттың қазақ халқының жанұялық тұрмыстарында ұзақ мерзімге сақталып келгендігіне айғақ болады.

Гильом де Рубруктың баяндауынша: «Жазықтардың бірінде қуатты халықтарды өздеріне бағындырған наймандардың бақташысы тұрды» [1, 93 б.].

Гильом де Рубрук та Орта ғасырлық Қазақстанның негізгі тұрғындарының тұрмыстары мен қалыптасқан әдет-ғұрыптарынан мағлұматтар келтірген. «Алайда, жазда әзірге, – деп жазады ол, – қымыз, немесе жылқы сүті пайдаланылып, ешқандай да басқа тамақты ойламайды. ...Жылқы ішегінен колбаса жасайды. Қой етін қонақтың алдына қояды, үй иесі өзіне ұнағанын алады, ал, егер біреуге ерекше бөлігін беретін болса, оны түгелдей жеу керек, немесе ешкімге бермей, өзімен бірге алып кетуі қажет. ...Оларда мол мөлшерде қаршыға, сұңқар ұстайды. Олардың барлығын оң қолына қондырып, қаршығаның мойына қайыспен байлап, білегіне іледі» [1, 75-76 бб.].

Бұлардан кейінгі келесі қазақтардың шығу тегі, тұрмысы, салт-дәстүрі, сенімдері туралы жазғандардың қатарында XVI ғасырдағы С.Герберштейн, XVII ғасырдағы С.Ремезов, XVIII ғасырдағы И.Е.Фишер, Г.Ф.Миллер, П.С.Паллас, И.Глазунов, И.П.Фальк, И.Гмелин, XIX ғасырдағы К.Ф.Ледебур, Г.И.Спасский, А.И.Левшин, Н.Я.Бичурин, К.Риттер, А.Вамбери, В.Сиверс, И.Завалишин, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Дж.Кеннан, тағы да басқалары болды.

Айтылғандардың қатарында Қасиетті Рим империясы және Австрия мемлекетінің дипломаты, неміс ғалымы, тарихшы Сигизмунд фон Герберштейн XVI ғасырдың бірінші жартысында екі рет елшілік мақсатпен Мәскеу мемлекетінде болды (1517 және 1526 жж.). Бұл сапарлары кезінде ол саяси қызметімен қатар Орыс еліне қарасты және оған көрші территориялар мен халықтардың жан-жақты тарихын зерттеумен шұғылданды.

Осындай атқарылған істердің қорытындысында 1549 жылы латын

тілінде «*Rerum Moscoviticarum Commentarii*» немесе орыс тіліне аударғанда «Записки о московских делах», деген кітап жарыққа шықты. Аталған кітапта Еуропа қауымы алғаш рет бір орталыққа біріккен Орыс мемлекетінің тарихымен танысты. Зерттеуші негізінен алғанда Ресей еліне жасаған бұл ресми сапарлары уақытында ғылыми құндылығы аса маңызды тағы да басқа естелік-жазбалар дайындап, жариялады. Бұл жазбаларда қазіргі Қазақстан территориясындағы және оған көршілес өңірлердің тұрғындары туралы да бағалы мәліметтер берілді. Мысалы, оның баяндауынша: «Татарлар төмендегідей төрт тайпаға немесе ордаға бөлінеді: Еділ татарлары, Перекоп немесе Ұлан, Қазан, Оқас немесе Ноғай және Казак (Кахасса) Ордасы.

Төртінші орда – Оқас немесе Ноғай татарлары Еділ татарларынан ең соңында бөлініп шықты. Ұлы ханның белгілі құлы және жауынгері, отыз ұлы бар Оқас өлтіріліп, ұлдары басты Еділ Ордасынан бөлініп шығып, Сарай қамалының жанында мөлшермен 1517 жылдан жетпіс жыл немесе одан аз бұрын өмір сүре бастады және өте аз уақытта жылдам көбейіп, қазіргі күні ол ең саны көп және ең үлкеніне айналды. Оқас татарлары татарлардың барлығынан ары солтүстікте тұрады және олардың иеліктерінің шығыс жағынан Московия жалғасады, сондықтан олар соңғысының жерлеріне жиі шабуыл жасап, тонауға ұшыратады. Оларға Оқастың (Ноғайдың) ұлдары мен немерелері билік етеді.

Оқас татарларында ақша болмайды, алайда бір затты келесісімен ауыстырады, яғни құлдарын, ... үй және ауыр заттарды таситын малдарды ауыстырады. Билеушісі жоқ Бесінші орданы Казак Ордасы деп есептейді.

Мүмкін бұл ордаға Меховскийдің Дон өзеніне дейінгі Еуропалық сарматтарда, Алан далаларында казактар қаңғыбастықпен және тонаумен айналысады. Трактаттың авторы «Казак» татар сөзі, ал «козак рутендік (яғни орыстық) міндетті түрдегі алым төлеуші қызметші деген мағынаны білдіреді, олар түскен пайдамен өмір сүреді, ешкімге бағынбайды, кең ауқымдық жазық далада үш, алты, он, жиырма және отыз адамдық топпен кезіп жүреді».

Бұл казактар және де біздің жылнамаларымызда еске алынатындар болуы мүмкін: 1493 жылы татарлар, Орда казактары келіп, Рязань жеріне шабуыл жасап, үш селоны алып, қайтадан қайтып кетті, және осы жылдың қазанында Волохтан Иван Андреевич Суббота, Плещеевтер, Константин Заболоцкий дала арқылы келіп, оларды Татар даласында Орда казактары тонауға ұшыратты. 1500 жылы

(7008) қыркүйекте Азов облысы Козелск маңынан келіп, Козельск Олешня селосын алған Орда казактары князь Иван Перемышльский, және Одоевск князьдары, Петровтың балалары Плещеев Василий мен Иванды қуып жетіп, соққы жығып, тұтқынға алды. Ал басқа татарларды қолға түсіріп, Мәскеуге әкеліп, Ұлы князьға тапсырды.

Одан арғы Герберштейннің деректеріндегі негізгі мәліметтер оңтүстік-орыс даласында көшіп жүрген татарларға арналады. Бұл адамдар кең және қалың бетті, қысық көзді ... орта бойлы; олар беттерінің бір жағына ғана сақал қояды, қалғандарын қырып тастайды. Тек аса белгілілері ғана өте қара шаштарын өреді.

Олардың денелері шымыр, қайсар және алаңсыз көңілділікке құштар. Олар ешқандай да талғамастан жылқыны және басқа жануарларды қандай жағдайда өлгеніне қарамастан жей береді, өздерінің заңдары бойынша тек шошқаның етін пайдаланбайды. Олардың аштық пен ұйқысыздыққа шыдамдылықтары сондай, кей жағдайларда төрт күнге дейін тамақ ішпейді, ұйықтамайды да, осыған қарамастан қажетті жұмыстарды атқара береді. Жеуге жарамды бірдемені тапқан соң, бұрынғы тамақ ішпегендіктерін қайтарғандай ешқандай мөлшерсіз, ештемесін қалтырмай барлығын жей береді; міне осылай тамақ ішпегендіктерін, ауыр еңбектерінің есесін қайтарғандай олар бірден үш немесе төрт күн ұйықтайды.

...Олардың басты құмарлығы, өздерінің түсініктері бойынша адамдарды мықты және толық ететін жылқы сүті болып табылады.

...бір жердегі шөпті тауыса отыра олар табындары, әйелдері және өздерімен бірге арбамен тасып жүретін балаларымен басқа жерге ауысады.

...Ауыр соғыстар кезінде олар өздерінің әйелдері, балалары мен қарттарын неғұрлым қауіпсіз жерлерге жасырады.

...Бухария мен Қыпшақта өздерінің күміс және мыс монеталары бар: біріншісі танге, екіншісі пұл деп аталды. Ресейліктер осы атаумен өздерінің ақшаларын, атап айтқанда күміс ақшаларын деньги, мыстарын пул деп атады. Соңғысы Донскойдың әкесі кезінен қолданысқа енсе, ал бізге белгілі көне күміс ақшалар князь Дмитрийдің кезінен пайдаланылуда» [2].

Қазақтар, олардың шығу тегі, «қазақ» атауы туралы XVIII ғасырдың ортасындағы белгілі неміс зерттеушісі Иоган Ебергард Фишер де жазды. Мысалы ол өзінің Сібір тарихына арналған негізгі кітабында: «Козак (қазақ, – F.К.) атауы бір халықтың есімін бермейді. Тұрмыстың бір бағытын білдіреді. Бұл атау жанұясы жоқ немесе баспанасы жоқ деген мағынаны білдіретін татар сөзі.

Міне сондықтан да осындай адамдар жанұя туралы ойламайтын, жоғалтатын ештеңесі жоқ, сондықтан кез-келген бұйрық болғанда әртүрлі әрекеттерге, шапқыншылық жасауға дайын тұрады.

Осындай ерекшеліктер тынышсыздықтарымен белгілі Қазақ ордасына тән болды, сондықтан да болар, олар өздерінің шапқыншылықтары және жорықтарымен әрқашан басқа халықтардан асып түсті, кейін бұл атау басқа татар халықтарына да берілді» [3, 59-60 бб.] – деген анықтама жасады.

Қазақтардың шығу тегі, мекендеген өңірлері туралы XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы неміс жаратылыстанушы ғалымы, дәрігер, ботаник, этнограф, Сібір мен Оралды зерттеуші Иоганн Георг Гмелин (1709-1755) де баяндады. Мысалы, оның көрсетуінше: «Ертістің жоғары жағы қалмақ иелігінде, алдымен Зайсан көліне құятын ... өзен.

Ишимнен (Есілден, – Ғ.Қ.) шығыс пен оңтүстікке қарай дала, ол жерлерде қырғыз-қайсақтар көшіп жүргендіктен қазақтық немесе қырғыздық деп аталады» [4, 3; 28 бб.].

Санкт-Петербург қаласындағы Императорлық Ғылым Академиясы жанындағы баспадан 1799 жылы Ресейге белгілі кітап таратушы Иван Глазуновтың жетекшілігімен жарияланған көптомдық жинақта Батыс Сібір аймағын мекен еткен қазақтардың салт-дәстүрі және өзара құқықтық жағдайдағы қатынас ережелері туралы жазылған. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Орта жүз рулары қазақтары арасындағы қолданылып келген осы жанұялық-тұрмыстық ережеден мысалдар келтіретін болсақ, онда: «Соттары ұлыстардағы старшындар, ал Хан басқарудан гөрі соттық істерді шешумен басымырақ айналысады, заңның пайдаланылуына бақылау жасап, олардың іске асуын талап етеді. Олардың заңдары біріншіден, Құран арқылы бекітіледі, екіншіден ескі салт бойынша, кейде ерекше жағдайларда нақты әділеттік арқылы бекітіледі.

Кім ер адамды өлтіретін болса, екі жыл бойы оның туыстарының қуғынына ұшырап, осы мерзімде өздері ол үшін жазаланбай, оны өлтіруі мүмкін. Егер де ол өзінің өмірін сақтап қалғысы келсе, өлгеннің туыстарына жүз жылқы, бір адам аманат және екі түйе береді. Бес еркек немесе ұрғашы қой бір жылқыға айырбас ретінде беріледі.

Әйелді, баланы немесе құлды (невольникті) соққыға жыққаны және әйелді қорлағаны үшін оның соңынан бүкіл руы талап ететіндіктен жоғарыдағы аталған айыптың жартысы төленеді. Алайда барлық жағдайларда олардың арасындағы дау бітімшілер және жақтастарының араласуымен бейбіт жолмен шешіледі, бұл

жағдайда да жаппа шеккендерде кейде көп кейде аз жағдайда кешірімге келіседі.

Адамды мүгедек еткені үшін оны өлтіргеннің құнының жартысы төленеді. Үлкен саусақ 100, кішісі 20, ал басқаларына 30-дан 60 қойға дейін төлейді.

Адамды құлағынан айыру оларда аса үлкен қылмыс болып саналып, осылай жапа шеккен адам, осындай зиян келтірген адам кінәсіз болса да үлкен құн алады.

Егер де кімде кім ашу үстінде қарсыласының сақалын немесе екі жынысты адамның да бала өмірге әкелетін мүшесін күшпен қысатын болса, ол соттың шешімімен қатал жазаланады.

Ұрланған кез-келген зат үшін оның құнынан тоғыз есе артық құн төленеді, осылай одан ары жалғастырыла береді» [5], – деп жазылған. Яғни, бұл деректерден XVII ғасырдың соңында қабылданған Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағы негізінің қазақ даласының бар аймағына тарағандығын білуге болады.

XIX ғасырдың басынан белгілі Сібір тарихын зерттеуші Г.Спасскийдің ұйымдастыруымен Санкт-Петербургте бірнеше жылдар бойы шығарылып келген «Сибирский вестник» және «Азиатский вестник» журналдарында Батыс Сібір, Алтай аймағын қоныс еткен көне заманнан басталатын қазақтардың арғы ата-бабалары – көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар мен рулардың және одан кейінгі уақыттағы осы өңір қазақтарының әлеуметтік құрылымы, салт-дәстүрлері, шаруашылығы, солардың қатарында қазақ даласына әр түрлі мақсаттармен қоныс аударған халықтар өкілдерімен арадағы әр бағытты қатынас туралы деректер молынан беріліп, Еуропа және Ресей қоғамына таныстырылды.

«архетиптер» деп аталады – күнделікті өмірде көбінесе образдар ретінде танылған эмбебап, туа біткен психикалық құрылымдар». Осылайша, К. Юнг мәңгілік бейнелерге құштарлық қалыпты жағдай екендігін атап өтеді [1, 57 б.].

Америкалық саясаттанушы С. Хантингтон жалаулар мен кресттер, жарты айлар, тіпті бас киімдер сияқты саяси сәйкестендірудің белгілері саясатта маңызды рөл атқарады деп жазды. Саяси технологтардың алдын ала жасалған өңдеу жұмыстарының арқасында адамдар жаңа, бірақ көбінесе ескі символдарды ашып жатады. Ғалым саяси символдардың көмегімен сәйкестендіру әдетте «біздікі» - «бөтен» координаттар жүйесінде орын алады деп атап өтті [4, 212 б.].

Соңғы онжылдықта батыстық саясаттануда фрейм концепциясы кеңінен танымалдылыққа ие болды. Бұл тұжырымдама адамдардың қоғамда өздерінің орнын тауып, өзін-өзі түсінуде фреймдардың (белгілердің) әсері зор деген ойды алға тартады. Американ әлеуметтанушысы И.Гофман өзінің еңбектерінде фреймдарды адамдар саналы түрде қабылдамауы да мүмкін деп атап өтеді [5]. Осы орайда, саясатты фреймдар шеңберінде зерттеу саясаттанушыларға қоғамдық қозғалыстардың дамуын түсіндіруде жаңа мүмкіндіктер ашып, неге кейбір қозғалыстар өз жақтастарын жұмылдыруда басқаларға қарағанда неғұрлым табысты болады деген сияқты сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді. Бұл тұжырымдаманы ұстанушылар, әртүрлі топтар түсіндіру және кейбір мәселелерге назар аударту үшін әртүрлі фреймдарды пайдаланады деп санайды. Бұл – саяси символдардың қоғамдық санаға әсер етуге кеңінен қолданылуына негіз болды.

Голландиялық саясаттанушылар Д. Яноу мен М.ван Хульст фреймдауды саясатта сендіруші факторлардың бірі ретінде анықтайды. Олардың ойынша, фреймдар кез-келген тұлғаны, топты, қоғамды нақты әрекетке көшуге ынталандырады. Саяси символиканың күшті әсері белсенді саяси болжаммен байланысты, ол қоғамдық пікірге әсер етеді, шын мәнісінде шындықты жасанды түрде имитациялайды [6]. Демек, кез-келген саяси оппозиция белгілі бір саяси символиканы релевантты немесе маңызды деп таңдап, өзі әрекет етіп отырған әлеуметтік-саяси әлемді біртіндеп өзгерте алады. Демек, саяси символика арқылы фреймдау – бұл әлемді танудың жолы ғана емес, сонымен қатар нақты іс-әрекетке дайын ашық әлем құрудың тәсілі болып табылады.

Отандық зерттеушілерге келетін болсақ, Қазақстанда саяси

символика мәселесі жан-жақты зерттелінбеген. Зерттеу жұмысының өзекті болуына қарамастан, қазіргі таңда саяси символдарды, олардың генезисі мен атқаратын қызметін зерттеуге арналған жұмыстар жоқтың қасы деуге болады. Тек саяси символиканың бір бөлігін құрайтын мемлекеттік рәміздерді бірқатар зерттеушілер мен саясаттанушылар қарастырып өткен. Бұндай еңбектердің қатарына Е. Шаймерденовтың «Қазақстан Республикасының мемлекеттік символдары» [7] және Ы. Сағынтаевтың «Біздің мемлекетіміздің символдары» [8] атты ғылыми жұмыстары жатады.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген шетелдік және отандық зерттеулер саяси символика мәнінің әртүрлі аспектілерін қамтиды және тұтастай алғанда Қазақстан Республикасының заманауи саяси процесіндегі символиканың рөлін анықтайтын ауқымды фактологиялық және аналитикалық материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстанның саяси процесінде символдарды қолданудың озық технологияларын енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи әдіс – символдардың пайда болу тарихын зерттеу, құрылымдық-функционалдық әдіс – символдардың түрлері мен функцияларын ажырату, салыстырмалы талдау – шетелдік тәжірибені саралау, эксперттік сауалнама – ҚР саяси процесінің символдық компонентін анықтау мақсатында пайдаланылған әдістер құрады. Сонымен қатар, қойылған зерттеудің міндеттерін шешу мақсатында талдаудың, жіктеудің, ғылыми деректерді жалпылаудың жалпығылымдық әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім

Кез-келген мемлекеттің саяси процесінің символдық компоненті ұлттық бірегейлікті сақтау мақсатында әлеуметтік-мәдени орта құруға мүмкіндік беретін қоғамның интеграциялануына ықпал етеді. Саяси символика саяси коммуникацияның ерекше түрі ретінде ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, билік легитимділігі, билік қатынастарын репрезентациялау және қоғамдық кеңістікте жүзеге асырылатын саяси режимнің идеялық негіздерін көрсету бойынша дискурсивті тәжірибелердің кең спектрін қамтиды.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасының саяси процесінің символдық компонентін Конституциялық заңмен бекітілген ҚР Мемлекеттік рәміздері – Елтаңба, Ту, Әнұран құрайды. Алайда, мемлекеттік рәміздерден басқа, үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ),

қоғамдық бірлестіктер де елдің саяси процестеріне тікелей қатыса отырып, символдық компоненттің құрамдас бөлігін құрайды. Бұл – ең алдымен саяси партиялар, оның эмблемалары болып табылады. Тіпті, партиялардың атауы да белгілі бір интеграциялық қызметті атқару мақсатында ойластырылып қойылғандай. Мәселен, көптеген партиялар «Алаш» (қазақ жерінің ежелгі атауы), «Азат» (Бостандық), «Азамат», «Отан», «Атамекен» (ата-бабалар жері) және т.б. сияқты тарихи, ұлттық немесе патриоттық тамыры бар атауларды жиі таңдап жатады.

Партия үшін символика кез-келген тауарға ауадай қажет жарнама сияқты рөл атқарады. Сайлауға келген кезде, сайлаушы бірден өз партиясын анықтап, кімге дауыс беру керектігін нақты білуі керек. Сондықтан, кез-келген символ өсімдіктер мен жануарлардың архетиптік бейнелерін, қарапайым геометриялық фигуралар мен кескіндерді қолдана отырып, халыққа тартымды, әрі қабылдауға жеңіл болатындай жасалады. Алайда, символдардың халыққа тек тартымды болуы жеткіліксіз. Сондай-ақ, символдар көпшілікпен қабылданатын белгілі бір әлеуметтік-саяси құндылықтар мен идеалдар жиынтығын қамтуы тиіс.

Бүгінгі таңда, Қазақстанда ресми тіркелген 6 саяси партия бар:

◇ «**Нұр Отан**» партиясы эмблемасының негізі ретінде келесідей элементтер таңдап алынған: ұясынан шығып келе жатқан күн; күннің нұрына бөленген тау шыңы және ырғыған барыстың бейнесі. Сондай-ақ, эмблеманың төменгі бөлігінде партияның атауы орналасқан. Ұясынан шығып келе жатқан күн Қазақстанның болашақ жетістіктері мен жарқын жеңістерін білдіреді. Тау шыңы қазақстандықтардың биік мақсаттары мен болашаққа ұмтылысын көрсетеді. Эмблемада сары, көгілдір және ақ түстер үйлесімділік тапқан.

❖ «Қазақстан-2030» Стратегиясы қабылданған сәттен бастап барыс республиканың сенімді түрде алдыға қарай қозғалысының символына айналды. Партия атауындағы жазу Елбасының Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына қосқан тарихи үлесін білдіреді. Қазақ әліпбиінің латын графикасына кезең-кезеңмен көшуі орын алғандықтан жазу латын әліпбиінде Елбасының қолымен жасалған. Күннен түсетін сәулелер саны 14-тен 17-ге артты. Әңгіме Қазақстанның әкімшілік-аумақтық жүйесі жайлы болып отыр. Жаңа нұсқасында күннің 17 сәулесі бар, бұл біздің 14 облысымызды және 3 республикалық маңызы бар қалаларды (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) білдіреді. Сонымен қатар, партияның латын графикасындағы атауын партия төрағасы өз қолымен жазғанын атап өту қажет.

❖ «ADAL» партиясының эмблемасы графикалық түрде өзінің негізгі саяси құндылықтары мен мақсаттарын бейнелейді. Негізінде, бұл партия «Бірлік» партиясы ретінде көпшілікке танымал. Алайда, партия атауын өзгерту туралы ұсыныс Саяси кеңес мүшелерінің дауыс беруіне шығарылып, ребрендинг жүргізу туралы шешім қабылданған болатын. Нәтижесінде, кәсіби әлеуметтанушылар зерттеу жүргізді. Олар атаудың 10-ға жуық нұсқасын қарастырды. Талдау нәтижелері бойынша «ADAL» нұсқасы жеңіске жетті. Мамандар бұл атау халықтың жаңаруға деген қажеттілігін, әділеттілікке деген сұранысын түсіндіреді дейді. Сонымен, «ADAL» партиясының атауы шынайылық пен адалдықты білдіреді, партияны барлық мүдделі тараптардың ашық әрі әділ диалогына арналған алаң ретінде позициялайды. «ADAL» сөзі адалдық сөзін ғана емес, ойлар, әрекеттер тұрғысынан арамдықтан ада «мейірімді», әділ мағыналарын білдіреді.

❖ «Ақ жол» демократиялық партиясы эмблемасының дәл ортасында ірі әріптермен латын графикасына негізделе отырып қазақ тілінде «Ақ жол» деп жазылған, «Ақ» сөзі аққа, «жол» сөзі көгілдір түске жазылған. «Ақ жол» сөзінің төменгі жағына партияның толық атауы мемлекеттік тілде латын графикасында жазылған.

■ Бастапқы «А» әрпінің алдыңғы жағына шауып бара жатқан тұлпардың басы және мойнының жоғарғы бөлігі бейнеленген. Жалпы, қазақ халқы үшін ең қасиетті болып саналатын төрт түлік малдың бірі жылқы (тұлпар) екені белгілі. Бағзы замандағы тұлпар бейнесі батылдықты, сенімділікті және ерік күшін танытады. Сондай-ақ, шауып бара жатқан тұлпардың бейнесі жарқын болашаққа жеткізетін ақ жолды білдіреді.

■ Ақ және көгілдір түстердің үйлесімі партияның «Ақ жол» деген атауының мәнін ашып тұрғандай. Ақ түс тазалықты, тандалған жолдың ашықтығын, көгілдір түс ізгілікті, адалдықты, мақсаттармен ой армандардың игіліктілігін білдіреді.

❖ «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партия эмблемасында шауып бара жатқан жүйрік аттың силуэті батылдық пен болашаққа деген сенімділіктің метафорасы ретінде өрістердің кескіні мен ұясынан көтеріліп келе жатқан күннің аясында бейнеленген. Сондай-ақ, сәйгүліктің силуэті бостандық пен молшылықты білдіреді. Танымбелгінің сол жағында негізгі суреттің жиегінде гүлдену мен халықтың әл-ауқатының артуын білдіретін масақтың бейнесі орналасқан. Ал, оң жағында партияның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауы бар. Жалпы, ауыл – қазақтың қара

шаңырағы, алтын тұғыры, дәстүрлі шаруашылығының түпқазығы. Ауылды дамыту, ауыл шаруашылығын өркендету – бүкіл елімізді дамыту деген сөз.

❖ **Қазақстанның Халық партиясы (ҚХП)** жалау мен таным белгіге ие, олар партия съезімен бекітіледі. Эмблеманың ортасында жұдырық болып жұмылған үш қол және оның астыңғы жағына партия атауы мемлекеттік (латын графикасында) және орыс тілдерінде жазылған. Жалпы, жұдырық – бүкіл әлемде кеңінен таралған символдардың бірі. Ынтымақтастықтың халықаралық символы бола отырып, ол бірлікті, күш пен бағынбауды білдіреді. Эмблеманың түсі – қызыл. Психологияда қызыл түс батылдықты, көшбасшылықты, табандылықты, динамикалықты білдіреді. Сондай-ақ, қызыл түс энергия, өмірлік күш бере отырып, түпсана деңгейінде күресуге, әрекет етуге, қалаған нәрсеге қол жеткізуге ынталандырады.

❖ **Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының эмблемасы** – бет жағы көк түспен тұтастай толтырылған, дөңгелек нысандағы қалқан болып табылады. Оның орталық бөлігінде стильдендірілген ақ түсті раушан гүлінің бейнесі бар. Ол тазалықтың, адалдықтың символы болып табылады. Демек, партияның халыққа деген шынайы ықыласы мен таза ниетін білдіреді. Сондай-ақ, шеңбердің сыртқы жиегінде партияның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауы көк түспен жазылған екі жазу симметриялы түрде таңбаланған.

❖ Геральдика дәстүрінде әрбір түс белгілі бір мағынаға ие. Мысалы, аспан түстес көк түс түркі мәдениетінде терең символдық мәнге ие. Ежелгі түркі халықтары аспан құдайы Тәңірге табынған. Ата-бабаға табыну түркі дінінің маңызды элементі болды. Ал олардың көк туы арғы ата-бабаларына деген адалдықты, таза ниетті білдіреді. Қазақстанның Мемлекеттік туы ашық аспанды, бейбітшілікті білдірсе, оның бір түсті, яғни біркелкі көк түсті болуы – еліміздің тұтастығын меңзейді. Сондықтан, партияның бұл түсті таңдауы бекер емес деп айтуға толық негіз бар.

❖ Қорытындылай келе, жоғарыда қарастырылып өткен эмблемалардың барлығы дерлік партияның мақсат-міндеттері мен басымдықтарын бейнелейді. Барлық саяси партиялар өздерін белгілі бір түстермен байланыстырған. Әсіресе, партиялардың көк, көгілдір және ақ түстерді жиі қолданғандарын байқаймыз. Бұл – ақ түстің тазалықты, партияның халыққа деген таза ниетін, ал аспан түстес көк түстің адалдықты, ізгілікті білдіруімен байланысты болды. Негізгі

элемент ретінде жалпыадамзаттық құндылықтармен байланысты, көп жағдайда батылдықты, болашаққа деген сенімділікті, жаңашылдықты білдіретін жануарлар мен өсімдіктер бейнелері (тұлпар, барыс, ақ раушан), геометриялық фигуралар (жұлдыз) мен әлемге кең таралған белгілер (жұдырық болып жұмылған қол) таңдап алынған. Осылайша, саяси партия логотипі сайлаушылардың назарын аударып отырып, партияның көзқарастарын, мақсаттары мен міндеттерін насихаттауға мүмкіндік береді. Неғұрлым символ қарапайым, әрі түсінікті болса, соғұрлым көпшілікке тартымды және қабылдауға жеңіл болатыны анық.

ҚР саяси процесінің символдық компонентінің бір бөлігі Қазақстан облыстары мен қалаларының үлесіне тиесілі. Еліміз 14 облысқа және 3 республикалық маңызы бар қалаға бөлінеді [9]. Әр облыстың, қаланың, тіпті ауданның өзінің елтаңбасы мен эмблемасы бар. Солардың ішінде ең негізгілерін қарастыра келе, келесідей қорытынды жасауға болады.

Жалпы, Қазақстан облыстары мен республикалық маңызы бар қалалардың эмблемаларының барлығы дерлік әр өңірдің тарихы мен мәдениетін бейнелейді. Танымбелгілерде Мемлекеттік елтаңбаға ұқсас түс семантикасы мен негізгі элементтер бейнеленгенін байқауға болады. Алтын (сары) немесе көгілдір түстерді Ақтөбе және Маңғыстау облыстарынан басқа, іс жүзінде барлық облыстар қолданған. Бұдан бөлек, мемлекетпен субординация геральдикалық қалқанда бейнеленген тәңірлік — шаңырақ белгісі түрінде бейнеленеді. Бұл элементті өзінің өңірлік символикасында Атырау облысы, Жамбыл облысы, Батыс Қазақстан облысы және Түркістан облысы кескіндеген.

Сондай-ақ, облыстық символиканың негізі ретінде табиғи ландшафт алынған, оны Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарының эмблемаларынан көруге болады. Мұндағы аймақтық элементтер – таулар, ормандар, теңіздер, өзендер болып табылады. Мәселен, эмблемада бейнеленген Алтай таулары Шығыс Қазақстан облысының геосаяси жағдайын білдіреді, ал Есіл өзені Ақмола облысының географиялық ерекшеліктерін көрсетеді.

Кез-келген жергілікті қауымдастықтардың аймақтық ерекшелігін тек табиғи элементтер ғана айқындамайтыны белгілі. Сондықтан, облыстардың танымбелгілерінде элементтер ретінде флора мен фауна түрлері де қолданылған (Атырау облысы, Жамбыл облысы, Қостанай облысы, Павлодар облысы). Атырау облысының эмблемасында екі бекіре суреттелген, бұл өңірде Каспий теңізінің

орналасқанын білдіреді. Өңірлік өзін-өзі сәйкестендірудің жарқын үлгісі – Қостанай облысы. Оның қалқанында өңірдегі Наурызым қорығының эндемикасы болып табылатын дала бозторғайы мен Шренк қызғалдағы бейнеленген. Ал, Павлодар облысының эмблемасының ортасында Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген арқардың – жабайы тау қойының бейнесі орналасқан.

Кейбір облыстарда геральдикалық қалқанның негізгі элементтері ретінде фантастикалық (мифтік) жануарлар (Алматы облысы, Түркістан облысы) пайдаланылған. Мәселен, Алматы облысының танымбелгісінде қанатты барыс пен грифтің спираль түрінде бейнеленген, бұл түркі дәстүрлерінің сабақтастығын көрсетеді. Ал, Түркістан облысы өзінің елтаңбасында екі қанатты қар барысының бейнесін суреттеген болатын.


Республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының елтаңбалары Қазақстан үшін дәстүрлі шығыс геральдикалық қалқан түрінде ұсынылған және түстер семантикасында ұқсас реңктер бар: көк (көгілдір), қызыл және алтын. Қазақ мәдениетінде көк (көгілдір) түс тәуелсіздік пен ұлылықты айқындаса, қызыл түс отты, өсу мен дамуды көрсетеді, ал алтын (сары) реңк байлықты, молшылықты, жеңіске деген ұмтылысты білдіреді.

Сонымен, Қазақстан облыстары мен республикалық маңызы бар қалаларының аймақтық символикасы инструменталды тәсілді қолдану арқылы қалыптасқанын атап өтуге болады. Бұл – ең алдымен жаңа символдық кеңістіктің орталықтандырылған, жүйелі және біріздендірілген сипатын білдіреді. Эмблемалардың бір-біріне ұқсас болуы, бірдей пішінге ие болуы, түстер семантикасы мен біртепті геральдикалық (және геральдикалық емес) фигуралардың қолданылуынан көрініс табады. Сонымен қатар, геральдикалық символиканы қалыптастыру барысында жергілікті жердің «ландшафттануының» өзіндік ерекшелігін атап өтпеске болмайды. Қазақстан аймақтарының танымбелгілері өзінің табиғи және мәдени ландшафтының ерекшелігін, сондай-ақ байырғы халықтың ұлттық ерекшеліктерін көрсетеді. Үшіншіден, геральдикада қазақ жүздерінің Ресей империясы мен кеңес мемлекетінің құрамында болған кезеңдермен тарихи сабақтастықтың мүлдем жоқтығын анықтауға болады. Империялық регалия, кеңестік өткен шақ Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінің қазіргі эмблемаларында көрініс таппаған. Керісінше, түркі дәстүрлерімен сабақтастық, қазақстандықтардың көшпелі өмір

салтын түстер палитрасы, ұлттық нақыш, тарихи фигуралар арқылы бейнелеуге деген ұмтылыс байқалады.

Тақырыпты жан-жақты зерттеп, саяси символдардың саясатты жүргізуге қаншалықты ықпал ететінін анықтау мақсатында «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алып келген ҚР азаматтары арасында сауалнама жүргізілді. «Болашақ» халықаралық стипендиялық бағдарламасы әлемнің 33 елінің 200 үздік ЖОО-да білім алуға мүмкіндік береді [10]. Сондықтан, мақсатты аудитория ретінде «Болашақ» ассоциациясының мүшелерін таңдауымыздың себебі – дүниежүзінің түкпір-түкпірінде оқыған студенттерге сауал қою арқылы еліміздің халықаралық аренадағы келбеті мен орнын анықтау болды. Жалпы, сауалнамаға 60-қа жуық респондент қатысты, оның 52,7%-ын 30-45 жас ерекшеліктегі азаматтар және 43,6%-ын 18-29 жас аралығындағы жастар құрады. Нәтижелерге назар аударатын болсақ:

1. Респонденттерден «Сіз символдарға мән бересіз бе?», – деп сұралынды. Сауалнамаға қатысушылардың 77%-ы символдарға мән беретіндері, ал 23 %-ы мән бермейтіндері анықталды (1-суретте).



1-сурет. Респонденттердің символдарға қызығу деңгейі

2. Респонденттер үшін Қазақстанды сипаттайтын символдардың пайыздық үлесі келесі кестеде көрсетілген. Жауап берушілердің көпшілігі үшін бұл – ҚР Мемлекеттік рәміздері – Елтаңба, Ту, Әнұран екені анықталды. Мемлекеттік символдардан кейін екінші орынды қазақ халқының ұлттық болмысы мен салт-дәстүрлерін сипаттайтын қыран бүркіт, киіз үй, шаңырақ, тұлпар, қазақтың ою-өрнегі сияқты символдар иеленді. Сонымен қатар, Алматы қаласының символы болып табылатын, қаланың эмблемасында бейнеленген барыс суреті де нұсқалардың арасында кездесті. Тіпті, Қазақстанды жемқорлықпен, әділетсіздікпен теңестіріп, билік органдарына көңілдері толмайтындықтарын білдірген респонденттер де болды.

Алайда, олардың үлесі тек 2%-ды құрайды (1-кестеде). Күн, көк аспан, жазық дала, ұлттық тағамдар, ұлттық киімдер, қылыш, найза, қызғалдақ, Қазақстан картасы, валюта, достық пен қонақжайлылық, Алтын адам, Бәйтерек, «Nursultan» велокомандасы, Каспий теңізі, тіпті Абылай хан, Кенесары хан, Абай Құнанбайұлы, Бауыржан Момышұлы сынды қазақ тарихындағы ұлы хандардың, тұлғалардың есімдері де нұсқалардың арасында кездесті.


1-кесте. Респонденттер үшін Қазақстанды сипаттайтын символдардың пайыздық үлесі

Символ атауы	Пайыздық көрсеткіш (%)
ҚР Мемлекеттік Туы	22
ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы	18
ҚР Мемлекеттік Әнұраны	13
Қыран бүркіт	8
Киіз үй, шаңырақ	7
Тұлпар	6
Күн	6
Ұлттық ою-өрнек	6
Көк аспан	5
Барыс	3
Ұлттық киімдер	2
Жазық дала	2
Жемқорлық, әділетсіздік	2

3. ҚР азаматтарының Қазақстанды қандай символдармен сипаттайтыны анықталды. Келесі мақсат – халықаралық аренада шетелдік азаматтардан еліміз туралы сұраған кезде, бірінші кезекте ойға не келетінін білу болды. Сондықтан, респонденттерге «Сіз білім алған мемлекетте шетелдік азаматтар Қазақстан мемлекетін қандай символдармен байланыстырады?», – деген сауал қойылды.

Шетелдік азаматтардың біздің елімізді көп жағдайда ҚР Мемлекеттік туымен байланыстыратындары анықталды. Олардың айтуынша, басқа мемлекеттердің туынан біздің ту өзінің түсімен ерекшеленеді. Аспан түстес туымыз визуалды тұрғыда өте әдемі көрінетіндігін респонденттер ерекше атап өтті. Алайда, оның арасында туымызды «Борат» фильмін көргеннен кейін бұл қандай елдің туы деп қызығушылық танытып, ғаламтордан іздеп, біліп жатқан шетелдік азаматтар да болған екен. Әрине, Қазақстанды дәл осылай танып жатқандары өкінішті. Бірақ, ондай азаматтардың үлесі тек 2%-ды құрайды. Екінші орынға қазақ халқы үшін ең қастерлі жануар болып табылатын жылқы мен заманауи Қазақстан

экономикасы салаларының бірі мұнай өнеркәсібі ие болды. Сондай-ақ, екіншіше орай дәл сондай теңдей пайыздық үлесті «Борат» нұсқасы алып отыр (2-суретте). Бұл – фильмнің еліміздің имиджына кері әсерін тигізіп жатқандығын білдіреді. Фильмнің екінші бөлімі жарыққа шыққан кезде, Қазақстанның Мемлекеттік туын мазак қылғаны халықтың жаппай наразылығын тудырған болатын. Айта өту керек, жауаптардың арасында келесідей нұсқалар да кездесді: көшпенділер, «Қазақстан» шоколады, қазақ халқының ұлттық аспаптары, ракета, түйе, Бәйтерек, бүркіт, Н.Назарбаев, қонақжайлық, аумағының кеңдігі, күн, аспан, Головкин.



2-сурет. Шетелдік азаматтардың Қазақстанмен байланыстыратын символдардың пайыздық үлесі

Қазіргі таңда «Болашақтықтар» тек қана мемлекеттік бағдарламаның түлектері емес, сонымен қатар шет елдерде сапалы білім алып шыққан алдыңғы қатарлы жастар легі. Жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері дарынды жастар болсын, шетелдік азаматтардың көзқарасы тұрғысынан да саяси символика мәселесі тек мемлекеттік символдармен, оның ішінде көп жағдайда ҚР Мемлекеттік Туымен шектелетіндігін көрсетті. Саяси символдарға мән беретін жастардың пайыздық үлесі 77%-ды құрады, алайда бұл қызығушылық осымен тоқтады. Себебі, әлі де жастар саяси символдарға толығымен көңіл аудармайтындары белгілі болды.

Бұдан әрі қоғамның санасына әсер етуде саяси символдарды қолдануға байланысты бірнеше кейстарға назар аудартқымыз келеді. Мәселен, COVID-19 пандемиясына байланысты өзін-өзі оқшаулау кезеңінде елордалық тұрғындар кешкі уақытта балкондарға шығып, болмаса терезелерінен Мемлекеттік Гимнді бірлесіп орындаған болатын. Әлеуметтік желілерде бұл видео таралып кетіп музыкалық

флешмобқа айналды. Кейін көптеген тұрғын үй кешендерінде осындай қиын-қыстау кезеңде адамдар бір-бірін жігерлендіріп, қолдау көрсету мақсатында Мемлекеттік әнұран бірнеше қайтара орындалып жүрді. Сонымен қатар, Әнұранды орындаудан бөлек, Нұр-Сұлтан қаласының аулаларының бірінде ер адам Әнұранды трубада орындап, әлеуметтік желілерде кең таралған видеолардың қатарына енген болатын. Бұл жағдайлардан біз саяси символдардың интегративті қызметін байқай аламыз. Мемлекеттік Гимнді орындау арқылы халықтың бір-бірін рухтандырып, «Барлық қиындықты бірге еңсереміз» деген сияқты үндеуді жолдауы – қоғамдық санаға әсер етуде, қоғамды белгілі бір нақты іс-әрекетке көшуге ынталандыруда саяси символдардың атқаратын рөлі зор екендігін айқындап көрсетеді.

❖ Қазақстандық боксшы Геннадий Головкиннің британдық Мартин Мюррейді жеңгеніне қуанып, астаналық Жандос Құрманбаев өз пәтерінің балконынан Қазақстанның Мемлекеттік Туын іліп қойған кезде, ол өзінің патриоттық сезімін білдіргені үшін жауапкершілікке тартылатындығын, тіпті оған айыппұл салынатындығын мүлдем ойламаған. Алайда, жергілікті билік Жандос Құрманбаев «Мемлекеттік рәміздерді заңсыз пайдалану» бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасады деп есептеді. Нұр-Сұлтан қаласының ішкі саясат басқармасының өкілі мен полиция қызметкерлері куәгерлердің қатысуымен хаттама жазып, оған сәйкес Жандос Құрманбаев 396 400 теңге (шамамен 856 доллар) көлемінде айыппұл төлеуі тиіс болды [11]. Бұл – еліміздің Мемлекеттік Туына қатысты жалғыз оқиға емес.

❖ Жалпы, ел тұрғындарына өздері қалаған жерде Мемлекеттік Туды іліп қоюға болады ма, жоқ па деген мәселеге қатысты даулар Қазақстанда бірнеше жылдан бері жалғасып келді. БАҚ-та қазақстандықтар оны терезеден немесе балконнан іліп, содан кейін оларға айыппұл салынған бірнеше жағдайлар сипатталды. Алайда, тудың айналасындағы ең үлкен жанжал «Борат» фильмінің екінші бөлімі шыққан кезде туындады. Келесі күні қазақстандықтар Facebook-те «Мен өз туымды мақтан тұтамын!» акциясын іске қосты. Оны Instagram әлеуметтік желісінің пайдаланушылары да белсенді түрде қолдады. 2020 жылдың қазан айында болған бұл оқиға – билік өкілдерінің мемлекеттік рәміздерді пайдалану туралы қаулыны қайта қарауға түрткі болғандай болды. Себебі, Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев 2020 жылғы 27 қазанда Мемлекеттік Туды пайдалануға қатысты қолданыстағы мемлекеттік рәміздерді

пайдалану қағидаларын қайта қарау туралы тапсырма берді. Желтоқсан айында Қазақстан Премьер-министрі Асқар Мамин Мемлекеттік Туды, Елтаңбаны және олардың бейнелерін пайдалану туралы түзетулерге қол қойды. Енгізілген өзгерістердің нәтижесінде азаматтарымыз үшін Мемлекеттік Туды пайдалану аясы заңнамалық тұрғыда кеңейтілді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын жеке және заңды тұлғалар ғимараттарда (тұрғын үйлерде және тұрғын емес үй-жайларда), оның ішінде балкондарда және салтанатты іс-шаралар өткізілетін орындарда патриоттық сезімдерін, қазақстандық бірегейлігін білдіру, елдің, оның азаматтарының жетістіктерін қолдау мақсатында пайдалана (орнату, орналастыруға) алады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы оның көлеміне қарамастан ұлттық стандартқа сәйкес келуі тиіс екенін ескеру қажет. Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік туды ұлттық стандарт талаптарын бұза отырып пайдалануына жол берілмейді. Жалпы алғанда, жоғарыда көрсетілген өзгертулер еліміздің Мемлекеттік Туының қолданылу аясын едәуір кеңейтеді, оның қоғамдағы патриотизм рухын нығайтуға бағытталған символдық капиталын жаңаша ұғынуға мүмкіндік береді [12].

❖ Бүгінгі таңда, Қазақстанның алдына жаңа инновациялық даму мен жеделдетілген технологиялық жаңартуды талап ететін әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру міндеті қойылып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында Үшінші жаңғыру туралы жариялады, ал оның өзегі – цифрландыру [13]. Бүгінде әлеуметтік желілерді екінші бірі пайдаланады десек, артық айтқандық емес. Ауыл мен елді мекендердің басым бөлігіне интернет қолжетімді. Желі пайдаланушылар хат алмасады, ой-пікірлерімен бөліседі. Ақпараттық сайттардың қатары да күн өткен сайын көбейіп, арта түсуде. Демек, интернет – заманауи қоғамдық ортаны қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі, қоғамдық сананы жаңғыртуға байланысты ақпараттық жұмыс тетіктерін құруға арналған жақсы диалог алаңы болып табылады. Ал, қоғамдық санаға әсер етуде саяси символдардың маңызы зор. Сондықтан, символдарды популяризациялаудың құралы ретінде әлеуметтік желілердің (Instagram, VK, Facebook, Twitter, Whatsapp, Youtube, Telegram т.б.) және іздеу жүйелерінің (Google, Mail.ru, Яндекс, MSN, Yahoo т.б.) белгішелерін (иконка), сондай-ақ әлеуметтік желі қолданушыларының «аватарларын» (жеке сурет) пайдалануға болады. Мәселен, Жаңа жыл, 8 наурыз және т.б. көптеген

дүниежүзілік, халықаралық мейрамдар күндері іздеу жүйелерінің белгішелері сол мейрамға байланысты әрленетінін байқауға болады. Шын мәнісінде, біздің елімізде мұндай тенденция әлеуметтік желілерде белең алып келе жатыр. Әсіресе, мемлекеттік мейрамдар кезінде желі қолданушылары өздерінің аватарларын тақырыпқа сай суреттермен рәсімдеп жатады. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Мемлекеттік Туымыздың суретін «Менің Отаным – Қазақстан!» сынды жазулармен жүктеп, патриоттық акциялар да өткізіледі. Демек, әлеуметтік желілер мен іздеу жүйелерінің белгішелерін пайдалану арқылы саяси символдарды кеңінен таратып, дәріптеуге болады. Жалпы, кез-келген мемлекеттік идеологияны қоғамға таратуда саяси символдарды кеңінен қолдану керек. Себебі, саяси символика қоғамның жоғары, құнды идеяларын алға тартып, мақсат-мүдделерді айқындап, саяси іс-әрекетке тікелей түрткі болып, қоғамды, әлеуметтік топтарды оларды іске асыруға жұмылдырады, рухтандырады және шабыттандырады.

❖ Саяси символика – саяси процеске қатысатын әртүрлі белгілер жүйесінен тұратын күрделі құрылымдық формация болып табылады. Олардың ішінде орталық орынды ұлттық және мемлекеттік символдар алады. Сондай-ақ, саяси символиканың спецификалық түрлері ретінде «айырмашылық пен өзгешелік» белгілерін атап өтуге болады. Оларға мемлекеттің жоғары лауазымындағы тұлғалар ие ерекше регалиялар, киім формасы, ордендер мен медальдар және төсбелгілер жатады. Саяси символиканың бұл түріне қатысты біздің елімізде келесідей оқиға орын алған болатын: Nur Otan партиясының төсбелгісін тақпағаны үшін денсаулық сақтау вице-министрі – бас санитар дәрігер Ерлан Қиясовқа сөгіс жарияланған. Бұл туралы Парламент мәжілісінің депутаты, Nur Otan партиялық бақылау комитетінің басшысы Артур Платонов Facebook парақшасында хабарлады. Ол 2019 жылғы 21 тамызда Саяси кеңестің кеңейтілген отырысында Nur Otan партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев партияны қайта жүктеу бағдарламасының негізгі тезистерінің бірі – партиялық тәртіпті, рангына, лауазымына, мәртебесіне қарамастан, сайлаушылар алдындағы жауапкершілікті арттыру екенін атап өтті. Оның ішінде партияға қатыстылығын көпшілік алдында көрсету, партияның рәмізіне құрмет көрсету мәселелері жіті қадағаланған.

Сонымен қатар, Nur Otan партиясының мүшелері болып табылатын саяси қызметкерлердің партиялық рәміздерді міндетті пайдалануы туралы тапсырмасын орындау мониторингінің деректері бойынша Денсаулық сақтау вице-министрі Е.А. Қиясов, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д. Жаханов, Алматы

қаласы әкімінің орынбасары М.С. Кикимов, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ш.С. Буктугутов, Жезқазған қаласының әкімі Қ.Б. Абсаттаров партиялық төсбелгіні тақпағандары үшін ескерту алған болатын [14]. Жалпы, бұл жағдай тағы да біздің қоғамның саяси символдардың маңыздылығын түсінбейтіндігін, оларға немқұрайлықпен қарайтындықтарын куәландырады. Қорытындылай келе, жоғарыда айтылған пайымдаулардан біз қоғамның әлі де саяси символдарға аса назар аудармайтындығын анықтадық. Жастардың арасында жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері де осыны растады. Сондықтан, саяси символдарды барынша популяризациялауымыз қажет.

Қорытынды

Кез келген ұлт пен мемлекеттің әлеуметтік-мәдени және саяси қоғамдастық ретіндегі бірегейлігін қалыптастырудың, нығайтудың және жаңғыртудың ажырамас бөлігі ұлттық-мемлекеттік символдар мен идеалдар болып табылады. Әрбір мемлекет үшін тәуелсіздікке қол жеткізу өзінің мемлекеттік және саяси символдарды қабылдауымен тығыз байланысты. Себебі, олар елдің саяси тәуелсіздігі мен егемендігінің нышандары, ұлттық бірегейліктің қалыптасу тірегі және әрбір мемлекеттің дамуының ажырамас құнды белгілері.

Саяси символика – адамдарды біріктіру және саяси іс-әрекетке ынталандыру мақсатында саяси субъектілермен (жеке тұлғалар, партиялар, ұйымдар мен институттар) қолданылатын идеялар мен құндылықтарды бейнелейтін символдар жиынтығы болып табылады. Символика біріктіруші фактор бола отырып, саяси сана, саяси психология сияқты саяси жүйенің құрамдас бөліктерінің қалыптасуына әсер етеді. Мұның бәрі саяси символиканың қоғамдық өмірдің барлық салаларымен өзара тығыз байланысатынын айқын көрсетеді. Айта келе, ұсынылған материал негізінде келесідей қорытынды жасауға болады.

Біріншіден, саяси символика арқылы қоғамдық санаға әсер етуге, саяси кеңістікті идеологиялық, саяси және практикалық қайта құруды қамтамасыз етуге болады. Символиканың, символизмнен тыс саясат әлеуметтік процесс ретінде толықтай жүзеге аспайды. Саяси символика бұқаралық саяси коммуникацияның маңызды тәсілі және құралы ретінде әрекет етеді, қоғамдағы саяси ақпараттың қалыптасуына, сақталуына және трансляциялауына ықпал жасайды.

Екіншіден, саяси символдар идеологиялық ықпал етудің қуатты құралы, жеке тұлғаны саяси тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің маңызды факторы болып табылады. Символдар жеке тұлғаның

саяси қатынастардың субъектісі ретінде қалыптасу процесіне, оның сенімдерін, құндылық бағдарлары мен көзқарастарын қалыптастыруға қатысады. Символдың идеологиялық мәні, әдетте, жасырын сипатқа ие. Дегенмен, ол белгілі бір саяси күштің мүдделерін білдіретін оның идеологиялық бағдарламасының нақты тасымалдаушысы және мазмұнын білдірушісі ретінде әрекет етеді. Сондықтан, саяси символдарды белгілі бір саяси күштер мен саяси технологтар қоғамдық сананы манипуляциялау, идеологиялық алып-сатарлық және қажетті мінез-құлық реакцияларын қоздыру мақсатында қолдана алатындығын ескеру қажет. Саясаттың символдық жүйесінің қоғамдық сананы басқаруға бейімділігі оның иррационалды, архетиптік табиғатымен түсіндіріледі.

Үшіншіден, саяси символика әртүрлі елдер мен халықтардың тарихи, әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуының ерекшеліктерін бейнелейді. Саяси символиканың коммуникация тәсілі ретіндегі тиімділігі символиканың көкейтесті әлеуметтік проблемаларға сәйкестігімен, символдың мәдени, ұлттық және саяси дәстүрмен тарихи байланысымен, символдардың эмоционалды-сезімдік қанықтылығымен және идеологиялық құндылығымен анықталады.

Осылайша, саяси символиканың мәнін, олардың функцияларын, әсер ету әдістерін зерттеу қазіргі уақытта саяси және теориялық маңызға ие. Саяси күресте символдардың қандай рөл атқаратынын түсінбестен, мақсатты, ғылыми негізделген идеологиялық жұмыс жүргізу мүмкін емес.

Қорытындылай келе, саяси символдарды саяси өмірде кеңінен қолдануға байланысты келесідей ұсыныстарды ұсынуға болады:

1. Барлық типтегі білім беру мекемелеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік және саяси символдардың маңыздылығын атап өту, тарихымен таныстыру және оларды дәріптеу бойынша білім алушылармен тәрбие жұмыстарының дәстүрлі формаларынан бөлек, **флешмоб, танымдық квест-ойындар, театралды көрініс, тәрбиелік іс-шаралар** және т.б. түрлерін енгізуді ұсынамыз.

Бұндай тәрбиелік жұмыстардың заманауи формалары жасөспірімдер мен жастардың патриотизмі мен азаматтығын тәрбиелеуде, ұрпақтар сабақтастығын сақтауда және қоғамның әлеуметтік бірлігін нығайтуда тиімді нәтижелер береді. Тәуелсіз Қазақстан үшін жастар еліміздің басты стратегиялық ресурсы, қазақ қоғамын алға сүйрейтін локомотив болып табылады. Қазақстанның мемлекеттік және саяси символдарының тарихын зерделеу өз

Отанын сүйетін, біздің ежелгі ата-бабаларымызбен рухани және туыстық қарым-қатынасты сезінетін адамдардың жаңа буынын тәрбиелеу ісінде үлкен маңызға ие деп ойлаймыз.

2. Саяси символдарды популяризациялау мақсатында тиімді ақпараттық арналар ретінде ең пәрменді үш құралды пайдалану қажет деп санаймыз: **әлеуметтік желілер, түрлі БАҚ алаңдары және интерактивті онлайн-платформалар.**

Бұл ретте ақпараттандырудың заманауи тәсілдерін пайдалану қажеттілігі атап өтіледі. Жасыратыны жоқ, бүгінгі күні әлеуметтік желілер ғаламтор тұтынушыларының ажырамас сенімді серігіне айналып үлгерді. Ал әлемдік пандемияға байланысты онлайн ортаға деген қажеттілік еселене түсті. Жасөспірімдер мен жастардың білім алуы үшін де, әлеуметтік мәселелерді шешу үшін де, тіпті белгілі бір саяси идеологияны тарату мақсатында билік органдарының осы желілердің көмегіне жиі жүгінетіндігі белгілі. Сондықтан, саяси символдарды кеңінен дәріптеудің тиімді механизмдерінің бірі болып табылатын ғаламтор-технологиялардың әлеуетін барынша қолдануымыз керек.

3. Жүргізілген сауалнаманың нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанның халықаралық аренадағы имиджін жақсарту қажеттілігі туындап отыр. Шетелдік азаматтардың басым бөлігі (38%) елімізді Мемлекеттік Туымыз арқылы танығанымен, оның кері әсері де байқалды. Себебі, «Борат» фильмінің 2-бөлімінің жарыққа шығуы – шетелдіктердің елімізге деген қызығушылығын еселей түсті, алайда Қазақстанға деген теріс көзқарастың қалыптасуына алып келді. Тіпті, жауаптардың арасында Қазақстанды жемқорлықпен байланыстыратын шетелдік азаматтар да кездесті. Бұдан шығатын қорытынды – еліміздің танымалдылығын арттыру тұрғысынан Қазақстан үлкен әлеуетке ие, ол жағынан мәселе туындамайды. Басты міндет – Қазақстанның имиджін жақсарту. Сондықтан, бұл мәселенің шешімі ретінде келесідей жолдарды ұсынамыз:

ҚР Сыртқы істер министрлігінде «soft power» қолдана отырып, шетелдік аудиториямен жұмыс істеудің үйлестіруші орталығына айналатын **қоғамдық дипломатия бөлімін құру.**

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінен бөлек, мемлекеттің саяси процесінің символдық компонентінің құрамдас бөлігі болып табылатын саяси партиялардың, Қазақстан облыстары мен республикалық маңызы бар қалалардың символдарын кеңінен таныту мақсатында нақты мысалдар негізінде **ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді** ұсынамыз.

Ол келесідей құралдар арқылы іске асырылуы мүмкін деп ойлаймыз: **медиа тасымалдаушы** (БАҚ, жарнама); **ғаламтор**; мақсатты аудиториямен тікелей жұмыс жасайтын **тікелей маркетинг**; әртүрлі бағыттағы арнайы іс-шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін **жағдайлық маркетинг** (дөңгелек үстелдер, конференциялар).

Саяси символдардың қоғамдық сананы жаңғырту үдерісіне ықпал етуі бойынша мемлекеттік деңгейдегі қысқа мерзімді технологиялардың бірі ретінде билік органдары мен қоғамның **жүйелі бірлескен акцияларын** айта аламыз.

Мемлекеттік билік органдары мен халық арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру бойынша жүйелі жұмыс жалпы барлық дамыған елдерде жүзеге асырылады. Бұл – мемлекет азаматтарының әлеуметтік-саяси белсенділігін дамыту, олардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру, патриотизм мен мемлекеті үшін мақтаныш сезімін оятуға жасалып жатқан нәтижелі қадамдар болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Юнг К. Об архетипах коллективного бессознательного. – М.: Директ-Медиа. – 2007. – 57 с.
2. Cassirer E. The Myth of State. – New Haven: Vail. Univ. Press. – 1946. – P.150-156.
3. Durkheim E. Les formes elementaires de la vie religieuse. – Paris: Paris. – 2008. – P. 77-79.
4. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. – М.: АСТ, 2003. – 222 с. Goffman E. Frame analysis: An essay on the organization of experience. – N.Y.: Harper & Row. – 1974, – P. 41-49.
5. Яноу Д., Ван Хульст М. Фреймы политического: от фрейм-анализа к анализу фреймирования. – М. – 2011. – С. 51-58.
6. Шаймерденов Е.Ш. Государственные символы РК. – Алматы, 2000. – 248 с.
7. Сағынтаев Ы. Символы нашего государства – Алматы: Мектеп, 1989. – 67 бет.
8. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан» Министерства юстиции Республики Казахстан, Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004200_. (қаралған күні: 12.02.2021)
9. Официальный сайт ассоциации стипендиатов международной стипендии Президента РК «Болашак». URL: <https://bolashak.kz/ru/>. (қаралған күні: 15.01.2021)
10. Новостной портал «Tengrinews», Жителя Астаны оштрафовали почти на 400 тысяч тенге за вывешенный на балконе флаг РК. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/jitelya-astanyi-oshtrafovali-na-400-tyisyach-tenge-270878/. (қаралған күні: 28.02.2021)
11. Официальный сайт Министерства культуры и спорта. URL: <https://>

www.gov.kz/memleket/entities/mcs/press/news/details/212006?lang=ru
(қаралған күні: 20.03.2021)

12. Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан. URL: primeminister.kz/kz/news/reviews/kr-msm-de-memlekettik-tudy-paydalanu-erezheleri-turaly-aytyldy-711407. (қаралған күні: 04.03.2021)

13. «Настоящее время» жаңалықтар порталы, Главный санитар Казахстана получил выговор из-за того, что не носил значок правящей партии «Нур Отан». URL: <https://www.currenttime.tv/a/kazakhstan-kiyasov/31215366.html>. (қаралған күні: 21.04.2021)

REFERENCES:

1. Yung K. Ob arkhetypakh kolektivnogo bessoznatel'nogo [About the archetypes of the collective unconscious]. – М.: Direkt-Media, 2007, p.57
2. Cassirer E. The Myth of State. – New Haven: Vail. Univ. Press, 1946, pp.150-156.
3. Durkheim E. Les formes elemetaires de la vie religieuse [The elementary forms of religious life]. – Paris, 2008, pp. 77-79.
4. Khantington S. Stolknovenie tsivilizatsii [Clash of civilizations]. – М.: AST, 2003, p.222
5. Goffman E. Frame analysis: An essay on the organization of experience. – N.Y.: Harper & Row, 1974, pp. 41-49.
6. Yanou D., Van Khul'st M. Freimiy politicheskogo: ot freim-analiza k analizu freimirovaniya [Political frames: from frame analysis to framing analysis]. – Moscow, 2011, pp. 51-58.
7. Shaimerdenov E.Sh. Gosudarstvennye simvoly RK [State symbols of the Republic of Kazakhstan]. – Almaty, 2000, p. 248
8. Sagyntaev Y. Simvoly nashego gosudarstva [Symbols of our state]. – Almaty: Mektep, 1989, p.67
9. RGP na PKhV «Institut zakonodatel'stva i pravovoi informatsii Respubliki Kazakhstan» Ministerstva yustitsii Respubliki Kazakhstan, Ob administrativno-territorial'nom ustroistve Respubliki Kazakhstan [About the administrative-territorial structure of the Republic of Kazakhstan]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004200_. (date accessed: 12.02.2021)
10. Ofitsial'nyi sait assotsiatsii stipendiatov mezhdunarodnoi stipendii Prezidenta RK «Bolashak» [Official website of the Association of fellows of the international scholarship of the President of the Republic of Kazakhstan «Bolashak»]. URL: <https://bolashak.kz/ru/>. (date accessed: 15.01.2021)
11. Novostnoi portal «Tengrinews», Zhitelya Astany oshtrafovali pochti na 400 tysyach tenge za vyveshennyi na balkone flag RK [A resident of Astana was fined almost 400 thousand tenge for hanging the flag of the Republic of Kazakhstan on the balcony]. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/jitelya-astanyi-oshtrafovali-na-400-tyisyach-tenge-270878/. (date accessed: 28.02.2021)
12. Ofitsial'nyi sait Ministerstva kul'tury i sporta [Official website of the Ministry of culture and sports]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mcs/press/news/details/212006?lang=ru>. (date accessed: 20.03.2021)
13. Ofitsial'nyi informatsionnyi resurs Prem'er-Ministra Respubliki Kazakhstan [Official information resource of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan]. URL: primeminister.kz/kz/news/reviews/kr-msm-de-memlekettik-tudy-paydalanu-erezheleri-turaly-aytyldy-711407. (date accessed: 04.03.2021)
14. «Nastoyashchee vremya» zhañalyqtar portaly, Glavnyi sanvrach Kazakhstana poluchil vygovor iz-za togo, chto ne nosil znachok pravyyashchei partii «Nur Otan» [The chief sanitary doctor of Kazakhstan received a reprimand for not wearing the badge of the ruling «Nur Otan» party]. URL: <https://www.currenttime.tv/a/kazakhstan-kiyasov/31215366.html>. (date accessed: 21.04.2021)

Нұргиса Кушеров

*Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының магистранты
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
email: nurgisa-polit@mail.ru*

ҰРПАҚТАР ТЕОРИЯСЫ КОНТЕКСТІНДЕ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АДАМИ РЕСУРСТАРДЫ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Аңдатпа. Буынаралық қатынастар тудыратын мәселелер күнделікті орын алып жатқанына қарамастан ғылыми ортада немесе мемлекетті басқару ісінде оған айтарлықтай мән берілмей келеді. Буындардың ерекшелігін басқару бүгінгі мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кейбір мәселелерді қайта қарауға, болмысын түсінуге, оны құбылыс деп қарап жаңа шешімдер қабылдауға негіз бола алады. Зерттеу жобасы аясында эксперттердің қатысуымен сауалнама жүргізіліп, нәтижелері қосымша сапалық талдау тәсілдерімен күшейтілді.

Мақалада мемлекеттік қызметтегі «ауыспалық», ұжымдағы қақтығыстар, мемлекеттік қызметшілердің құндылықтар жүйесі мәселелері қарастырылып, тұжырымдалған ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: ұрпақтар теориясы, ауыспалық, қақтығыстар, құндылықтар, эмпирикалық зерттеулер.

Нургиса Кушеров ПРОБЛЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКИМИ РЕСУРСАМИ В СИСТЕМЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ РК В КОНТЕКСТЕ ТЕОРИИ ПОКОЛЕНИЙ: РЕЗУЛЬТАТЫ ЭМПИРИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ

Аннотация. Несмотря на то что ежедневные проблемы, порождающие межпоколенческие отношения, в научном сообществе или в государственном управлении этому не уделяется существенное внимание. Управление поколениями как особенное явление может служить основой для пересмотра некоторых проблем современной системы государственной службы, осмысления действительности, принятия новых решений. В рамках исследовательского проекта был проведен опрос с участием экспертов, результаты которого были подкреплены дополнительными методами качественного анализа.

В статье рассмотрены и сформулированы вопросы «сменяемости» на государственной службе, конфликтов в коллективе, системы ценностей государственных служащих.

Ключевые слова: теория поколений, сменяемость, конфликты в коллективе, ценности, эмпирические исследования.

Kusherov Nurgissa

PROBLEMS OF HUMAN RESOURCE MANAGEMENT IN THE CIVIL SERVICE SYSTEM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF THE THEORY OF GENERATIONS: RESULTS OF AN EMPIRICAL STUDY

Abstract. Despite the fact that the daily problems that generate intergenerational relations, this is not given significant attention in the scientific community or in public administration. Generational management as a special phenomenon can serve as a basis for reviewing some of the problems of the modern system of public service, understanding reality, and making new decisions. As part of the research project, a survey was conducted with the participation of experts, the results of which were supported by additional methods of qualitative analysis.

The article considers and formulates the issues of «turnover» in the civil service, conflicts in the team, and the value system of civil servants.

Key words: theory of generations, changeability, conflicts in the team, values, empirical research.

Кіріспе

Үдемелі өзгермелі әлемде мемлекетті басқару тетіктерін үнемі жетілдіріп отыру уақыт талабы. Тарихи кезеңнің жеделдеуі тиімді мемлекеттік аппарат жұмысын ұйымдастыру мәселесін өзектендіре түсуде. Жаңа трендтердің көз ілестірмес жылдамдықпен пайда болуы әмбебап мемлекетті басқару форматын ендіруді қажет етеді. Осы орайда, ҚР Президенті Қ.Тоқаев мемлекеттік қызметті жаңа форматқа көшіру туралы мәлімдеме жасаған болатын [1]. ҚР Мемлекеттік қызмет жүйесі бәсекеге қабілетті, тиімді атқарушы билік жүйесін құру жолында бірнеше реформаларды бастан кешіріп үлгерді. Бұл үрдіс бүгінгі трендтерге бейімделу үдерісінде динамикалы түрде жалғасуда. Сәйкесінше, мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызметтің жаңа келбетін қалыптастыру географиялық-этнографиялық орта ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асыру маңызды. Сондай-ақ,

басқару әдіс-тәсілдерін жетілдіру тек шетелдік тәжірибелерді жалаң импорттаудан ғана тұрмай, төл ортаның ерекшеліктеріне сіңімді ету және бейімдеу үрдістерінен тұруы керек. Бұл ретте, эмпирикалық білімдерді өндіру басым бағытқа айналуы тиіс.

Білімнің сезімталдылығы артқан сайын, жаңа бағыттар пайда болып, соны көзқарастарға сүйенетін заманауи білім көкжиегі кеңейе түсті. Адамдарды жас мөлшеріне қарай қауымдастыратын ұрпақтар теориясы іргетасының қалануы тарихи кезеңдерден бастау алғанымен, адам ресурстарын басқару тетіктерін ұсынатын қолданбалы ілім ағымы ретінде жиырмасыншы ғасырдың төртінші ширегіне табан тірейді. Ұрпақтар теориясы әлеуметтік білім тұрғысында мемлекеттік қызмет жүйесіне айтарлықтай концептуалдық-құрылымдық шешімдер ұсына алатындығы осы бағытта зерттеулер жүргізуге берік негіз бола алады. Себебі, мемлекеттік қызмет жүйесі бірнеше буындардың басын біріктіретін біртұтас платформа ретінде кейбір реформаларды жүзеге асыру мемлекеттік қызметшілердің жасына, мәдени-әлеуметтік ерекшеліктеріне, құндылықтарына баса мән беруді талап етеді. Шындығында, жас мөлшері мен құндылықтар жүйесі жекелей алғанда тұлғаның, жалпылай алғанда қоғамның даму көрсеткіші бола алатындығы эмпирикалық әдістер арқылы негізделіп келеді. Қазақстанда ұрпақтар теориясы ұсынатын тұжырымдар елеулі түрде қолданысқа енгендіктен, аталған бағытта тұшымды қолданбалы зерттеу жұмыстары әлі де жүзеге асырылмай келеді.

Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері

Мақалада сандық және сапалық зерттеу әдіс-тәсілдері қолданылды. Оның ішінде, ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің қатысуымен сауалнама алынды. Сонымен қатар, сауалнама нәтижелері қосымша көптік зерттеу әдісі арқылы дәлелдермен күшейтіліп отырды. Бірнеше параметрлер арқылы алынған нәтижелер арасынан корреляция өткізіліп зерттеудің сенімділігін арттыру мақсаты қойылды және зерттеудің негізгі міндеті ұрпақтар теориясы аясында адам ресурстарын басқару тетіктерін ұсынған шетел ғалымдары өндірген білімдерді эмпирикалық әдістер арқылы тексеру және зерттеу нәтижелерін қайталап көруге талпыныстар жасалынды. Қазақстанда ұрпақтар теориясы ғылыми ортада кең танымал тақырып болмағаннан кейін шетелдік ғалымдардың қорытындыларына сілтеме берсек, тарихи фактілерді көшіріп, қайталағандай болар едік.

Негізгі бөлім

Зерттеу нәтижелері

Көптеген шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде буындар әркелкілігінің айрықша белгілерінің бірі болып лауазымды атқару мерзімінің ұзақтығына байланысты буындардың көзқарастары мен қалауларындағы әртүрлілік аталып жүр. Мәселен, бэби-бумерлердің избасарлары Х (ішінара) және Y буын өкілдері бір жұмыс орнында өздерін ұзақ мерзімде көре алмайды. Аталған гипотезаны зерттеу нысаны етіп, тексеріп көру маңызды. Өйткені қазақстандық ғылыми ортада ұрпақтар теориясы эмпирикалық тұрғыда зерделенбегіндіктен, осы ғылым бағытындағы шетелдік ғалымдар жасаған тұжырымдардың кез-келгенін сын елегінен өткізу өзекті [2].

Онлайн түрінде өткізілген әлеуметтік сауалнама мемлекеттік қызметшінің құндылықтық-көзқарастық жүйесін, олардың қалау сипатындағы мінез-құлық өлшемдерін анықтауды көздейтін сұрақтармен қамтылды. Әлеуметтік сауалнама ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің арасында, эксперттік ортада өтті. Зерттеудің сенімділігін арттыру мақсатында сауалнаманың анонимділігіне кепілдік беріліп, мемлекеттік қызмет саласындағы өзгерістерге белсенді қатысу сұралған шағын үндеу жарияланды. Сондай-ақ, сауалнама негізінен тәуліктің екінші бөлігінде, түстен кейін таратылды. Сауалнама сұрақтарын әзірлеуде көп мағыналы сөздерді барынша қолданбау, сұрақтардың нақтылығына көңіл бөлінді. Бұл әдістердің барлығы сауалнама қорытындысында болатын кездейсоқтықты барынша төмендету үшін қолданылған болатын.

Сауалнамаға барлығы 381 мемлекеттік қызметші қатысты. Оның ішінде ерлер – 122, әйелдер – 259 адамды құрады. Респонденттердің жас шамасы ұрпақтар теориясының Нил және Хоу ұсынған буындардың жас шамасына сәйкес бөлінді [3]. Оның ішінде, 1944-1963 жылдары дүниеге келген бэби-бумерлер сауалнамаға қатысушылардың 25-ін құрады. 1964-1983 жылдары дүниеге келген Х ұрпақтары 161 адам болса, 1984-2003 жылдар арасында туған Y-тер 190 адамды құрады. 2004 жылдан осы күнге дейін дүниеге келген Z ұрпақтары 5 адам. Көріп отырғанымыздай негізгі контингентті жас және орта жастағы адамдар құрап отыр. Сауалнамаға қатысушылардың ең көп бөлігі Қарағанды, Ақтөбе, Атырау облыстарына тиесілі. Сонымен қатар, сауалнамада бірнеше жауап нұсқаларын белгілеу қажет болатын сұрақтарда (2 сұрақ) тек бір ғана жауап нұсқасын тандаған респонденттер сауалнама қорытындысында кездейсоқтықты арттыруы мүмкін деген пайыммен жауап нұсқалары есептен


шығарылды. Осылайша, стандартты ауытқуды анықтау механикалық тәсілмен жасалды (1 - кесте).

1-кесте. Әлеуметтік сауалнамаға қатысушылар санын саралау нәтижесі.

	Ер	Әйел	1944-1963 (адам)	1964-1983 (адам)	1984-2003 (адам)	2004 және әрі қарай (адам)
Сауалнамаға қатысушылардың саны	122	259	25	161	190	5
Жауап нұсқалары есепке алынғандарының саны	-	-	20	130	176	5
Саралау негізіндегі ауытқушылық	-	-	5	29	14	-

*Кесте автормен құрастырылды.

Сауалнама нәтижесі бір лауазымды атқару ұзақтығына байланысты Z және Y буындарының алдыңғы буынмен салыстырғанда әлдеқайда мобильділікті таңдайтындығын көрсетті және шетелдік ғалымдар жасаған зерттеу нәтижесі қайталанды. Шетелдік сарапшылар келтірген дәлелдермен біздің жасаған қорытындымыз сәйкес болды [2].



1-сурет. Мемлекеттік қызметші бір орында неше жыл жұмыс жасауы керек деген сауал бойынша пікірлердің бөлінісі

*Диаграмманы автор құрастырған.

Мемлекеттік қызметші бір лауазымда неше жыл жұмыс жасауы керек деген сауал қойылып, келесідей нәтижелерге қол жеткізілді. Сауалнамаға қатысушылардың ең аз бөлігін Z ұрпақтары (5 адам) құрап отырғандығына қарамастан (мемлекеттік қызметтегі үлес

салмағының аз болуына байланысты), алынған қорытындыларды келтіре кеткенді жөн санадық. Аталған буын өкілдері бір орында 2 (3 адам) жыл жұмыс жасау қалыпты деп санайды. Y-тер бір лауазымда кем дегенде 3 (76 адам) немесе 2 (41 адам) жыл жұмыс жасау қажеттігін көрсетті. Сондай-ақ, Y-терден 37 адам бір орында 5 жыл жұмыс жасау ұзақтығын қалыпты деп есептейді. Бэби-бумерлер болса бір орында 5 (12 адам) жыл және одан да көп жұмыс жасау қажет деп санайды. Бұл санатта X-тердің басым көпшілігі (66 адам) бэби-бумерлердің пікірін бөліскенмен қалған 5/1 бөлігі 3 (34 адам) жыл жеткілікті деп санайды (1-сурет). Сауалнама нәтижесі көрсетіп отырғандай ең көп таңдалған 3 және 5 жылдық жұмыс мерзімі ұрпақтар теориясына сәйкес қазіргі мемлекеттік қызметтің басым көпшілігін құрайтын Y және X буындарының құндылықтық-көзқарастық сипаттарына сәйкес келеді.

Алынған нәтижелер, қазіргі ҚР Мемлекеттік қызметінде танылатын «таза ауыспалық» немесе мемлекеттік қызмет жүйесіндегі «жиі ауыспалық» мәселесіне байланысты жаңа пайымдауларды қажет етеді. Мұндай үрдіс қазіргі азаматтардың құндылықтар жүйесімен тығыз байланысты болғандықтан оны реттеу немесе үрдіс деп танып басқару керек пе деген сұрақтар өз алдына сараптамалық талдауды қажет етеді.

Мұндай күрделі тұжырымды бір ғана индикатормен өлшеу кездейсоқтықты көбейтуі мүмкін. Сол себепті, осы мәселені басқа да тәсілдермен өлшеуді жөн санадық. Әрі «таза ауыспалық» немесе мемлекеттік қызмет жүйесіндегі «жиі ауыспалық» мемлекеттік деңгейде мемлекеттік аппараттың тиімділігін төмендететін жағымсыз фактор ретінде бағаланып жүргендіктен бұл сұрақты егжей-тегжейлі қарастырған орынды. Сондай-ақ, сауалнама нәтижесінде алынған статистикалық деректер эксперттердің көзқарасынан құралған болса, енді нақты кадрлық ауыс-түйістер картасына талдау жүргізіп, екі айнымалының арасында корреляция жүргізіп көрейік.

2019 жылы телеграм мессенджерінде Қазақстан Республикасындағы кадр саясатына шолу жасайтын және саяси тақырыптарда жазатын әйгілі YEDILOV ONLINE каналы (52 712) 2019 жыл-дың қорытындысы бойынша ҚР ең жас мемлекеттік және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымды атқарып жүрген 50 адамның тізімін жариялады. Осы тізімде берілген тұлғалардың ішінен мемлекеттік қызмет саласында жүрген 20 адамның қызметтік жазбасына талдау жүргізілді (2-суретті қараңыз). Талдау нәтижесіне сәйкес, әр бір

кандидаттың қызметтік жазбасында берілген ақпараттың ұқсас тұстарына олардың жас шамасы, шетелде білім алғандығы және бір лауазымнан келесіне өтуі арасынан байланыс анықталды.

Топ 50 тізіміне енген мемлекеттік қызметшілердің бір лауазымды атқару мен келесіне өту мерзімінің орта мәнін шығару үшін келесі формула қолданылды:

Есептеу формуласы:

Орта мәнді есептеу формуласы бойынша бір лауазымда болудың орташа мерзімі:

$$X = (X1 + X2 + X3 \dots + Xn) / C,$$

Бұл жерде: – X – бір лауазымда болудың орта мәні;

– X1, X2, X3... Xn – әр қызметтік лауазымда болу мерзімі;

– C – саны (тізім бойынша).

Орта мәнді есептеу формуласына сәйкес, ҚР ең жас әрі перспективті деген басқарушылардың бір лауазымда болуының орташа мерзімі – 1,9 жылды құрап отыр.



2-сурет. Қазақстанның жас және перспективті басқарушыларының Top-50 тізімі (@yedilovonline телеграм-каналынан алынды).


Бұл кандидаттардың шетелде оқығандығы олардың карьерасына жағымды ықпал жасауы мүмкін. Сол себепті, кездейсоқтықты төмендету үшін басым бөлігі бэби-бумер және X буындарынан құралған 14 облыс және 3 республикалық маңызы бар қала әкімдерінің қызметтік жазбаларына шолу жасалды. Әкімдердің орташа есеппен бір лауазымда болу мерзімі – 2,6 жылды құрап отыр.

«Таза ауыспалық», «жиі ауыспалықтың» мемлекеттік қызмет жүйесіндегі мотивтерінің тиімділікке тигізер әсерін осы және басқа да тәсілдер арқылы қарастырып көруге болады. Бастысы, бұл бүгінде әлеуметтік құбылысқа айналып отырған буындардың таңдау және ұстаным еркіне қарсы келмеуі керек деп ойлаймыз.

Осыған орай, мемлекеттік қызметтегі «таза ауыспалық» және мемлекеттік қызмет жүйесі ішіндегі «жиі ауыспалық» мәселелерін, оған ықпал етіп отырған ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен ауысудың қандай түрін де мобильділік деп қабылдауға болады. Сонымен бірге, тиімділіктің өзі осы күні тәуелсіз айнымалы ретінде терең зерделеуді қажет етеді. Адамның бір лауазым орнында қысқа және ұзақ мерзімде жұмыс жасағандағы жұмысты өндірудегі өнімділік көрсеткіштері, бастамашылық қабілеті және оның мемлекеттік қызметшінің белсенділігіне тигізер әсері мен оның «қалыпқа» ену, елеусізденуі ғылыми дәйектерді қажет етеді. Бір сөзбен айтқанда екі қызметшінің түрін салыстыру: ұзақ және қысқа қашықтыққа «жүгіруші» мемлекеттік қызметшінің хронометражын жасау келешек ізденістердің міндеті бола алады.

Бұл өз кезегінде мемлекеттік органның институционалды жадысына нұқсан келтіруі мүмкін деген пікір туындауы мүмкін. Институционалды жады мемлекеттік органның корпоративті мәдениетінен бастап жұмыс бағытын айқындап отыратын идеологиялық бағдары ретінде роль ойнайды. Алайда оның жағымды жақтары мен бірге жұмысты жетілдіруге тигізетін жағымсыз әсерлерін атап өткен жөн. Мемлекеттік қызметшілер жұмыс бабында тап болатын «қалыпқа» ену, шаблонды ойлау сол ұжымда қалыптасқан дәстүр мен жазылмаған ережелердің әсерінен болатындығын түсіну маңызды. Институционалды жадыны тасымалдаушы бір лауазымда ұзақ мерзім қызмет атқарып келе жатқан қызметшілер көптеген бастамаларды қабылдамай, орнында сөндіріп отыратындығы белгілі. Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет толығымен цифрландырылғандықтан жұмысқа жаңа қабылданған мемлекеттік қызметші өзіне қажетті ақпаратты алу үшін электронды

жүйе көмегіне сүйене алады. Бұл ретте, институционалды жады концепция ретінде өзінің бастапқы маңызын жоғалта бастағандығын атап өткен жөн.




3-сурет. ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің құндылықтық-көзқарастық әртүрлілігі

*Диagramманы автор құрастырған.

Ұрпақтар теориясы сүйенетін орталық идеялардың бірі азаматтардың өмір-тіршілігін ұйымдастыру, қолдауда құндылықтар жүйесі атап өтіледі [3]. Құндылықтар белгілі бір буын өкілдері арасында ортақ ұстындарға сәйкес келіп, қатынастардың барлық түрінде ұқсас белгілерімен айшықталады. Буындар (Z, Y, X, бэби бумер) құндылықтарының әркелкілігінің шетелдік ғалымдар ұсынған анықтамаларын тексеру және оны қайталап көретін болсақ. «Сізді тиімді жұмыс жасауға не ынталандырады» деген сауал қойылып, 9 жауап нұсқасы берілді. Жауап нұсқалары материалдық және материалдық емес ұстанымдарды қамтыды. 2 суретте көріп тұрғанымыздай, буындардың жауап нұсқалары арасында әртүрлілік байқалады. Y буыны үшін алдымен «мансаптық өсу» жауап нұсқасы таңдалса, X буыны «жалақы көлемін» маңызды санайды. Жұмысқа берілгендік сезімімен ерекшеленетін бэби-бумерлердің «жұмыстың мазмұнын» бірінші кезекке қоюы кездейсоқтық емес. Y, X, бэби-бумерлердің жауаптарында «қашықтан жұмыс істеу» нұсқасы шкаланың соңғы нүктесінен орын алып, бірдей деңгейді

көрсетіп отыр. Соңғы уақытта, қашықтан жұмысты ұйымдастыру жиі айтылып, көтеріліп жүрген мәселе болса да сауалнама нәтижесінде өзінің маңыздылығын жоғалтып отыр. Қашықтан жұмыс жасау тек Z өкілдері үшін ғана актуальды. Алайда, Z өкілдерінің мемлекеттік қызметтегі саны мен сауалнамаға қатысқан респонденттер санының өте төмен пайыздық көрсеткішті көрсетуі аталған зерттеуді келешекте қайталап көруді талап етеді (3-сурет). Сондай-ақ, дауыс сандарының шкала бойындағы кему ретімен орналасқан буындар ұстанымдарының динамикасы әр буында өзгеріп отыруына байланысты, құндылықтарға негізделетін ұрпақтар теориясының гипотезасы сауалнама аясында ғылыми расталды.



4-сурет. ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің басқару стилі бойынша пікірлердің бөлінісі

* Диаграмманы автор құрастырған.

Төрт буын өкілдерінің мемлекеттік қызмет жүйесіндегі басты бес құндылықтық өлшемін шкала бойында орналасу ретіне қарай саралайтын болсақ келесі тізбекті шығарамыз: тілектес қамқор ұжым, жалақы көлемі, жұмыстың мазмұны, кәсіби деңгейді көтеру мүмкіндігі, мансаптық өсу мүмкіндігі. ҚР Мемлекеттік қызмет жүйесін реформалауда аталған көрсеткіштер ескерілуі керек деп санаймыз.

Буындар арасындағы айырмашылықты білдіретін келесі көрсеткіш басқару стиліне байланысты көзқарастарына негізделді

[4]. Қандай басқару стилін таңдайсыз және сіздің басшыңыздың басқару стилі қандай деген екі сұрақ беріліп, қос сауалға берілген жауап нұсқаларынан сәйкестік немесе қарама-қайшылық іздеп көрдік. Бұл ұрпақтар теориясының тұжырымдарын тексеріп көру мен қатар буындардың қай басқару түрін қолдайтындығын анықтау үшін қажет болатын. 4-суретте берілгендей, төрт буын өкілдері де өздерінің демократиялық басқару стилін таңдайтындығын мәлімдеген. Шкала сызығы бойлығымен пайымдайтын болсақ, әр буын тікелей басшысының басқару стилінен өзін ерекшелейтіндігін байқаймыз (4-сурет).

Осы орайда, басқару стилінің жұмыс процесіне тигізер ықпалын талдап көрсек. Қызметінен шығарылатын қызметшілерге олардың босатылу себептерін айқындауға бағытталған «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінде толтырылатын шығу сұхбаты есебін басшы мен қызметші арасында туындайтын қақтығыстардың орын алу себептерін буынаралық коммуникация контекстінде зерделеп көрдік.

2019 жылы мемлекеттік қызмет жүйесінен 2941 адам босаған. Шығу сұхбатын 66,3% толтырған. Оның ішінде басшылық лауазымдағылар – 22,1%, орындаушылық – 75,2%, сауалнамадан жасырын өтуге байланысты лауазымдарын көрсетпегендер – 2,8% (2-кесте) [5].

2-кесте. 2019 жылы ҚР Мемлекеттік қызметшілері жұмыстан босауының себебін көрсеткен жауаптар нұсқасы.

Сұрақ: Сіздің жұмыстан босатылуыңыздың негізгі себебі не болды?	
қызмет саласын өзгерту ниеті	26,1%
төмен жалақы	22,1%;
жоғары жүктеме	3%
мансаптық өсу перспективасының жоқтығы	2,1%
қолданыстағы әлеуметтік пакетке қанағаттанбау	0,9%
басшылық тарапынан қысым көрсету	0,8%
біліктілік деңгейін арттыру мүмкіндігінің болмауы	0,2%
басқа нұсқа	44,8%

Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, 2020 жылы мемлекеттік қызмет жүйесінен 3217 адам босаған, басқа мемлекеттік органдарға ауысқаны – 1719 адам.

Шығу сұхбатын 2257 қызметші толтырған. Оның ішінде басшылық лауазымдағылар – 24,8%, орындаушылық – 75,2% (3-кесте) [5].

3-кесте. 2020 жылы ҚР Мемлекеттік қызметшілері жұмыстан босауының себебін көрсеткен жауаптар нұсқасы.

Сұрақ: Сіздің жұмыстан босатылуыңыздың негізгі себебі не болды?	
қызмет саласын өзгерту ниеті	29,6%
төмен жалақы	14,4%
жоғары жүктеме	3,5%
мансаптық өсу перспективасының жоқтығы	1,8%
қолданыстағы әлеуметтік пакетке қанағаттанбау	0,9%
басшылық тарапынан қысым көрсету	0,5%
біліктілік деңгейін арттыру мүмкіндігінің болмауы	0,1%
басқа нұсқа	49,2%

Басшылық тарапынан қысым көру 2019-2020 жылдары сәйкесінше 0,8% – 0,5% тең. Мұндай қақтығыстарға латенттілік тән болғаннан кейінде көп жағдайда орын алған мүдделер қақтығысы жасырын, ұжым ішінде қалып жатады. Статистика сандары жұмыстан босағандардың нақты жас мөлшерін көрсетпегендіктен де буындар арасында болған қақтығыс деп баға беру күрделі, дегенмен оны мүлде жоққа да шығара алмайды.

Туындаған мүдделер қақтығысы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өзінің тікелей басшысын немесе мемлекеттік органның басшылығын жазбаша нысанда хабардар еткен мемлекеттік қызметшілердің саны 2020 жылдың 12 айы бойынша 1148 мемлекеттік қызметшіні құрап отыр [6].

Сондай-ақ, шығу сұқбатында жұмыстан босау себептерін басым көпшілігі (2019-2020 жылдары сәйкесінше 26,1%-29,6%) өздерінің қызмет саласын өзгерту ниетімен байланыстырған. Бұл ретте, мемлекеттік қызметшілердің қызмет саласын өзгерту ниеті жоғарыдағы «ауыспалық» мәселесіне жасалған талдау нәтижелерімен үндесіп жатқандығын назарға алуымыз керек.

Ұсыныстар және қорытынды бөлім.

Ұрпақтар теориясының белгілі тұжырымдарын зерделеу барысында мемлекеттік қызмет жүйесіндегі адами ресурстарды басқаруда қалыптасқан кейбір түсініктер мен көзқарастарды қайта пайымдалды. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі буындардың құндылықтар жүйесін, бүгінгі трендтерді ескере отырып келесідей ұсыныстар әзірленді.

Біріншіден, эмпирикалық зерттеу нәтижелеріне сәйкес мемлекеттік қызметшілердің бір лауазымда болу немесе атқару ұзақтығының қысқаруына байланысты «таза ауыспалық», «ауыспалық» мәселесін мобильділік деп тану.

Екіншіден, буындардың құндылықтар жүйесінің сипаттамасы мен қажеттіліктерінің бірегейлігіне байланысты басқару, ынталандыру тетіктерінің көпқырлы, әмбебап әзірлемелерден тұруын қамтамасыз ету.

Үшіншіден, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен әзірленген әдеп жөніндегі уәкілге арналған әдістемелік ұсынымды (нұсқаулық) буындар арасында туындайтын ұжымдағы қақтығыстардың алдын алу және реттеуге арналған методикалық әдіс-тәсілдермен толықтыру.

Төртіншіден, ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы және басқа да оқу орындарында оқытылатын мемлекеттік басқару курсы аясында буынаралық ерекшеліктер контекстінде ұжымдық қақтығыстар тақырыбын оқыту.

Бесіншіден, мемлекеттік қызметтегі Y, Z буындарының құндылықтық-көзқарастық ұстанымдарына байланысты орындаушы функциясын атқаратын персоналдың лауазым бойындағы қозғалысын вертикальды сатылап өсірумен қатар горизонтальды бағытта орын ауыстыруын қамтамасыз ету. Мұндай шаралар жұмыстың мазмұнын байыту мен қатар персоналдың кәсіби өсуіне жол ашады.

Зерттеу аясында ұрпақтар теориясы гипотезаларының сенімділігі мен жарамдылығын арттыра алатын білімдердің өндірілу мен қатар ҚР Мемлекеттік қызмет жүйесі үшін қазіргі таңда өзекті болып табылатын кейбір мәселелердің шешімі бола алатын практикалық ұсыныстарға қол жеткіздік. Шындығында, ұрпақтар теориясын қолдану арқылы бүгінгі еңбек нарығын түсіну мен қатар оның бағытына ықпал жасай алатын стратегиялар дайындау мүмкіндіктері зор. Теория бүгінгі өмірдің шындығы мен табиғатын дәл сипаттауға және одан күтілетін болжамдар жасауға ыңғайлы құралдар ұсынады. Әсіресе, VUCA әлемде буындардың құндылықтар жүйесінің әлеуметтік өлшемін үнемі анықтап отыру адам ресурстарын басқару саласында маңызды болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy
2. Шамис Е., Антипов А. Теория поколений // Маркетинг Менеджмент. – 2007. – № 6. С. 42-46.
3. Howe Neil, Strauss William. Generations: The History of America's Future, 1584 to 2069. New York: William Morrow&Company. 1992.

-
4. С.В. Радыгина. Факторы управленческого воздействия на повышение трудовой эффективности в оценке персонала и экспертных оценках руководителей // Вестник удмуртского университета. – 2019. – №6. – 768 с.
 5. 2019-2020 жылдары жұмыстан босатылған мемлекеттік қызметшілер толтырған шығу сұхбатының нәтижелерін талдау бойынша ақпарат. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің есебінен. 2021 жыл, 5 б.
 6. Өдеп жөніндегі уәкілдердің 2020 жылғы 12 айы бойынша есептері. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің есебінен. 2021 жыл, 5 б.

REFERENCES

1. Syndarly qogamdyq dialog - Qazaqstannyn turaqtylygy men orkendeuinin negizi. Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyн Qazaqstan halqyna Joldauy. [Constructive public dialogue is the basis for stability and prosperity of Kazakhstan. Address of the head of state Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan]. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakistan-halkyna-zholdauy
2. Shamis E., Antipov A. Urpaqtar teoriasy [Theory of generations] Marketing menedjmenti- Marketing Management. 2007.No 6. P. 42-46.
3. Howe Neil, Strauss William. Generations: The History of America's Future, 1584 to 2069. New York: William Morrow&Company. 1992.
4. S.V. Radygina. Faktory upravlencheskogo vozdejstviya na povyshenie trudovoj effektivnosti v ocenke personala i ekspertnyh ocenkah rukovoditelej [Factors of managerial influence on improving labor efficiency in the assessment of personnel and expert assessments of managers]. Vestnik udmurtskogo universiteta - Udmurt University Bulletin. 2019. No 6. 768 p.
5. 2019-2020 jylдары jumystan bosatylgan memlekettik qyzmetshiler tolyrған shygu suhbatynyn natijelerin taldaу boynsha aqparat. [Information on the analysis of the results of the exit interview completed by dismissed civil servants in 2019-2020]. QR Memlekettik qyzmet isteri agenttiginin esebinen - Agency of the Republic of Kazakhstan for Civil Service Affairs. 2021, 5 p.
6. Adep jonindegi uakilderdin 2020 jylgy 12 ай boynsha esepтері. [Reports of ethics commissioners for 12 months of 2020]. QR Memlekettik qyzmet isteri agenttiginin esebinen - Agency of the Republic of Kazakhstan for Civil Service Affairs. 2021, 5 p.

Аружан Букурубова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«Саясаттану» мамандығының 2-курс магистранты,
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: aru.zhan.bv@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ОРГАНДАРЫНДА МЕРИТОКРАТИЯ ПРИНЦИПТЕРІН ЕНГІЗУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада ҚР мемлекеттік билік органдарында меритократия принциптерін жетілдіру мәселесі қарастырылады. Қазіргі уақытта жаһандық деңгейде теңсіздіктің күшейіп бара жатқан дәуірінде мемлекеттік басқаруды жетілдіру арқылы тең жағдайлар жасау өте маңызды. Мемлекеттік қызметті қайта құру мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесін жақсарту, мемлекеттік қызметтің тартымдылығын ілгерілету және мемлекеттік қызметтегі адам ресурстарын басқаруды жетілдіру арқылы оны кәсібилендіруге бағдарланатын болады. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының жаңа жүйесі, мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеудің пәрменді рәсімдері және мемлекеттік басқарудың үздік халықаралық практикасына бағдарланған мемлекеттік қызметшілерді оқытудың сапалы бағдарламасы кәсіби мемлекеттік қызметті дамыту үшін іргетас болады.

Түйін сөздер: мемлекеттік басқару, меритократия, мемлекеттік қызметкер, сыбайлас жемқорлық, білімді азамат.

Аружан Букурубова МЕХАНИЗМЫ ВНЕДРЕНИЯ ПРИНЦИПОВ МЕРИТО- КРАТИИ В ОРГАНАХ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье рассматривается вопрос совершенствования принципов меритократии в органах государственной власти РК. В настоящее время, в эпоху возрастающего неравенства на глобальном уровне, очень важно создать равные условия путем совершенствования государственного управления. Преобразование государственной службы будет ориентировано на ее профессионализацию посредством улучшения системы обучения государственных служащих, продвижение привлекательности государственной службы и совершенствование

управления человеческими ресурсами на государственной службе. Фундаментом для развития профессиональной государственной службы станет новая система должностей государственных служащих, действенные процедуры отбора кадров на государственную службу и качественная программа обучения государственных служащих, ориентированная на лучшую международную практику государственного управления.

Ключевые слова: государственное управление, меритократия, государственный служащий, коррупция, образованный гражданин.

Aruzhan Bukurubova
MECHANISMS OF IMPLEMENTATION OF PRINCIPLES OF MERITOCRACY IN THE STATE BODIES OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article deals with the issue of improving the principles of meritocracy in the state authorities of the Republic of Kazakhstan. At present, in an era of increasing inequality at the global level, it is very important to create a level playing field by improving public administration. The reform of the civil service will be aimed at its professionalization through improving the system of training of civil servants, increasing the attractiveness of the civil service and improving the management of human resources in the civil service. The basis for the formation of a professional civil service will be a new system of positions of civil servants, effective procedures for the selection of personnel for the civil service and a high-quality training program for civil servants focused on the best international practices of public administration.

Keywords: public administration, meritocracy, civil servant, corruption, educated citizen.

Кіріспе

90-шы жылдардың басында Егемен Қазақстан өмірінің саяси, экономикалық, әлеуметтік салаларында болған өзгерістер мемлекеттік басқару органдары мен мемлекеттік қызметті түбегейлі қайта құру мәселелерін бірінші кезекке қойды. Қазіргі жағдайда барлық елдерде мемлекеттік қызметті реформалау проблемалары шешуші мәнге ие болады. Нарықтық экономикасы бар елдердің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметтің ұтымды жүйесінсіз мүмкін емес.

Саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер арасындағы теңгерімді сақтау, олардың функцияларын үнемі нақтылау,

меритократия, адалдық және тиімділік сияқты үш негізгі қағидатқа негізделетін мемлекеттік қызметтің жаңа моделін әзірлеу - дамып келе жатқан саяси жүйенің негізгі тұжырымдары. Мемлекеттің кадр саясатын реформалау негізіне патриотизм, кәсібилік, азаматтық қағидаттарында қалыптасатын мемлекеттік қызметкерінің құндылықтары мен этикасының жаңа жүйесін дамыту алынуға тиіс.

Елбасымыз жариялаған «Ұлт жоспары – 100 нақты қадамдағы» басым бағыттардың бірі – кәсіби мемлекеттік аппарат құру. Елбасының еліміз әлемнің дамыған елдерінің қатарына енуі үшін қазақстандық қоғам алдына қойып отырған міндеттері мемлекеттік қызметкерге жүктелетін жауапкершілікті еселей түспек. Сондықтан, осы саладағы жаңғыртулардың маңыздысы мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға және мемлекеттік қызметкерлердің қоғамға қызмет етуіне бағытталуда екені белгілі.

Меритократия – уақыт талабы. Бұл қағида қашан да мемлекеттік органдарға қызметке қабылдану негізі болып қалады және лайықты кадрларды іріктеуге мүмкіндік береді. Меритократия принциптерін нығайту сыбайлас жемқорлықты тамырымен жоюға, мемлекеттік қызметке тек сауатты, білікті кадрлардың өтуіне ықпал жасайды.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің әдістемелік негізін жүйелік, құрылымдық-функционалдық, эксперттік сауалнама әдістері құрайды.

Тақырыпты зерттеу барысында меритократия ұғымы, оның қалыптасу кезеңдерін талдау мақсатында жүйелік әдіс қолданылды.

Мемлекеттік қызметкерлерді талдау құрылымдық-функционалдық әдісі арқылы іске асырылды.

Меритократия принциптерінің қоғамдағы алатын орнын айқындап, оны жетілдірудегі жолдары мен механизмдерін анықтау мақсатында эксперттік сауалнама әдісі пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері

Билік құқығының негіздемесін құрайтын маңызды мәселелерінің бірі – меритократия. Биліктің мұндай түрі ең әділ болып табылатыны туралы түсінік кең таралған, өйткені рухани элита болмыстың негізгі қағидаттарын жоғары білуіне ие бола отырып, қоғамды жақсы ұйымдастыра алады.

Қазақстан Республикасында меритократия тұжырымдамасы мемлекеттің негізгі стратегиялық құжаттарында көрініс тапқан.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы әр кезеңде мемлекеттік

басқарудың белгілі бір моделін талап етті. Бір модификациядан екіншісіне ауысу әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік реформалардың логикасына сәйкес келді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 1997 жылғы «Қазақстан – 2030 Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатын жақсарту» атты Қазақстан халқына Жолдауында кәсіби мемлекет құру бойынша ұзақ мерзімді басымдықты айқындады [1].

Қазақстан үшін негізгі міндет ретінде нарықтық экономика үшін оңтайлы болатын мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымының осы заманғы, тиімді жүйесін құру болды. «Жаңа тұрпатты шенеунік – ұлттың қызметкері, патриот және әділ, өз ісіне адал және кәсіби». Кәсіпқойлық, отаншылдық, ұзақ мерзімді міндеттер қоюға қабілеттілік, оларды жаңа жағдайда шеше алатын білімділік пен жігерлілік – кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың басты өлшемдері.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары бекітілді [2]. Стратегиялық жоспарға сәйкес 2020 жылға қарай ҚР саяси элитасын қалыптастырудың тиімді жүйесі құру, Мемлекеттік қызмет өз қатарында Қазақстан халқының үздік өкілдерін шоғырландыру болды.

ҚР Тұңғыш Президентінің 2011 жылы 21 шілдедегі Жарлығымен бекітілген ҚР мемлекеттік қызметінің жаңа моделінің тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттік басқару жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін және халыққа мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсетуді қамтамасыз етудегі маңызды фактор меритократия, тиімділік, нәтижелілік, транспаренттілік және қоғамға есеп беру қағидаттарына негізделген мемлекеттік қызмет жүйесін кәсібилендіру болып табылады.

Бұл тұжырымдамада меритократия ұғымы жеке еңбегі мен жетістіктерін тану ретінде сипатталады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында іріктеу мен кәсіби даярлаудың жетілдірілген әдістемелерін енгізу арқылы мемлекеттік қызметтің кадр құрамын сапалы жақсарту қажеттігі туралы жариялады. Осылайша, бұл заңнама тек меритократия қағидаттарына сәйкес қалыптастырылғанын көрсетеді [3].

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің

Стратегиялық жоспарына сәйкес «мемлекеттік қызмет персоналын меритократия және ашықтық қағидаттарында басқару жүйесін жетілдіру» стратегиялық бағытының нысаналы индикаторларының бірі «мемлекеттік қызметкерлердің меритократия қағидаттарын сақтауға деген сенім деңгейі» болып табылады.

Осы нысаналы индикатор мемлекеттік қызметкерлерге әлеуметтік сауалнама жүргізу жолымен өлшенеді, бұл, ең алдымен, нақты мемлекеттік органда да, сондай-ақ республиканың барлық мемлекеттік қызметкерлерінің арасында меритократия қағидаттарын сақтау туралы Мемлекеттік қызметкерлердің өздерінің пікірін анықтауға мүмкіндік берді.

«Меритократия және ашықтық қағидаттарында мемлекеттік қызмет персоналын басқару жүйесін жетілдіру» стратегиялық бағытының міндеттерінің бірі «мемлекеттік қызметте кадрларды «жылжыту» жүйесін жетілдіру» болып табылады.

Осы міндетке қол жеткізудің тікелей нәтижесінің көрсеткіші мемлекеттік қызметкерлердің мансаптық өсу мүмкіндіктеріне қанағаттануымен өлшенеді.

Тікелей нәтиженің жоспарлы көрсеткіштеріне: «мемлекеттік қызметте таланттарды басқару жүйесін құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу», «мемлекеттік қызметте мансаптық жоспарлау жүйесін құру» сияқты іс-шараларды орындау есебінен қол жеткізу көзделді.

Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті Н.А. Назарбаевтың 2014 жылғы 13 қаңтардағы №732 Жарлығымен бекітілген Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі **Тұжырымдамаға сәйкес меритократия жаңа білімге, кәсібиліктің өсуіне ұдайы ұмтылу үшін ынталандырулар жасайды [4].**

Көп жылдар бойы елдің мемлекеттік қызметі біртіндеп реформалаудан өтті және бүгінде Қазақстанда тұрақты мемлекеттік аппарат қайта құрылды, мемлекеттік қызметтің «мансаптық моделінің», меритократияның қағидаттары әзірленді және мемлекеттік қызметкерлерді жетілдіруге кепілдік беріледі.

Қазіргі уақытта еліміздегі ауқымды жобаларының бірі «Өзгерістерді басқару жөніндегі салалық менеджерлерді даярлау» бағдарламасы өз жұмысын атқаруда. Бұл бағдарлама Нұрсұлтан Назарбаев Қоры мен Үкіметтің бастамасымен бірлесіп іске асырылып жатыр.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – салалық сарапшыларды тарту және іріктеу, олардан экономиканың негізгі салаларын трансформациялау мәселелерін шешетін өзгерістерді басқару

жөніндегі менеджерлерді оқыту және олардың командасын қалыптастыру [5].

Ел алдына қойылған міндеттерді сапалы, сауатты кадрлар болған жағдайда шешуге болады. Елде осындай, оның ішінде «Болашақта» шетелде білім алған, әлемдік тәжірибесі бар және оны іс жүзінде қолданып жүрген жас мамандар бар. Бүгінгі таңда «Болашақ» бағдарламасының көптеген түлектері абыройлы қызметтерді лайықты атқаруда. Осындай кадрлардың арқасында Республика күрделі «үштік транзитті»: кеңестік жүйеден нарықтық экономикаға, демократияға және жаңа ұлтаралық келісімге катаклизмсіз өткерді.


Алайда, еліміздегі ауқымды жобалар жүзеге асырылса да, мемлекеттік қызметтің қолданыстағы жүйесінде бірқатар маңызды проблемалар әлі де байқалуда. Бірқатар мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктілігінің жеткіліксіздігі әлі де байқалады. Бұл, ең алдымен, кадрларды іріктеу және бағалау жүйесінің төмен көрсеткішімен, персоналды басқару жөніндегі қызметтердің маңызы аз және тек қосымша рөлімен, біліктілікті арттырудың сапалы жүйесінің болмауымен, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне бәсекеге қабілетсіз ақы төлеу деңгейімен байланысты.

Осы мәселені одан әрі зерттеу мақсатында меритократиялық принцип механизмдерін анықтау үшін мемлекеттік қызмет жолында жоғары жетістіктерге жеткен мамандардың арасында эксперттік сауал жүргізілді. Сауалнамаға 7 эксперт: 21-29 (2), 30-35 (5) жас ерекшеліктегі адамдар қатысты. Қатысқандардың ішінде келесідей лауазым иелері болды: Орталық мемлекеттік орган департаментінің директоры, «Nur Otan» партиясының Саяси менеджмент мектебінің директоры, ҰҚСҚ мүшелері, ҚР АҚДМ вице-министрі, облыс әкімінің орынбасары. Эксперттерге меритократиялық принцип механизмдеріне қатысты 5 сұрақ қойылды.

Эксперттердің барлығы дерлік Қазақстанда меритократиялық принциптер орын алады деп жауап берсе де, оның толық жүзеге асырылуы деңгейі бойынша ойлары әртүрлі.

«Меритократиялық принциптер ұйымдарда жүзеге аспайды және кез-келген жағдайда бола бермейді. Меритократия көбінесе шешуші негізі ретінде бола алады, бірақ тазаындау мен өсудің ешқашан жалғыз факторы болып табылмайды.»

1-сурет. Эксперттің Қазақстанда меритократиялық принциптің жүзеге асырылуы бойынша пікірі



2-сурет. Эксперттердің ойынша Қазақстанда меритократиялық принциптерінің жүзеге асырылу деңгейінің пайыздық үлесі

Меритократия өзін-өзі тану және өзін-өзі әлеуметтендірусіз өмір сүре алмайды. Адам тек отбасында ғана емес, қоғамдық және мемлекеттік өмірде де жүзеге асырылуы керек және жақын, орта және алыс мақсат пен өз қалауын жүзеге асыруға деген ұмтылысы болуы қажет.

Сондай-ақ, эксперттердің мемлекеттік қызмет жолында жоғары жетістіктерге жеткендері мен қазіргі лауазымдары – бұл меритократия заңдылықтарының ықпалы деп айта алады.





Осыған қатысты эксперт өз ойын білдірді: *«Бір жағынан – иә, толық айта аламын, себебі мен Президенттік кадр резервіне іріктеуден кейін осы лауазымға ұсыныс алдым. Екінші жағынан, тек ішінара, өйткені белгілі бір лауазымдарға жеткілікті құзыреті жоқ, жауапты және адал емес үміткерлерді тағайындауды бақылаған едім. Үшіншіден, жоқ, айта алмаймын, өйткені кәсіби өмір бойы мен көбінесе лауазымға лайықты еместерді алға жылжытудың көптеген жағдайларын көрдім, олардың жалғыз артықшылығы – адалдық және бұйрықтардың мінсіз, ойланбай орындалуы».*

Елімізде (әлемде) меритократия принциптерінің толық жүзеге асырылуына кедергі келтіретін келесідей факторларды атап өтті:

➤ Адам жаратылысы. Бүкіл әлемде тағайындаулар мен өсу, негізінен, жинақталған әлеуметтік капиталдың арқасында жүзеге асырылады;

- Сыбайлас жемқорлық, трайбализм, жерлестік, командалық қозғалысқа негізделген жүйе;
- Басшылардың жеке кемшіліктері;
- Ашықтықтың және кейде әділеттіліктің болмауы.

ҚР мемлекеттік билік органдарында меритократиялық принципті жетілдіру үшін эксперттер келесідей жолдарды ұсынар еді:

 <p>Сыбайлас жемқорлық үшін жазаны қатайту;</p>	 <p>Басқарудың барлық деңгейлеріндегі идеологиялық жұмыс;</p>
 <p>Басшылық құрамды дұрыс әрі әділетті іріктеу;</p>	 <p>Жастардың еңбек етуі.</p>

3-сурет. ҚР-да меритократиялық принциптерді жетілдіру мақсатында эксперт-мамандармен ұсынылған механизмдер


Биліктің интеллектуализациясы, зияткерлік компонент рөлінің артуы – дамыған әлемнің саяси эволюциясының маңызды белгісі.

Еліміз біз жүзеге асырып жатқан «Қазақстан-2050» Стратегиясымен үндес жаңа қазақстандық арманға қадам басты. Меритократиясыз Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруін жоспарлау мүмкін емес. Сондықтан, меритократия бүкілхалықтық арманның негізгі қағидаты болып табылады.

Индустрияландыру процесінің серігі болып табылатын меритократияны урбанизациясыз елестету мүмкін емес, себебі ол білімді кадрларды қажет етеді.

Меритократия қағидатын сақтау неғұрлым лайықты кадрларды іріктеуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ қаржы немесе «байланыс» арқылы емес, жеке сіңірген еңбектерін тану негізінде оларды кәсіби және мансаптық ілгерілетумен айналысуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда елімізде мемлекеттік қызметте басқарушы лауазымға ұмтылатындар үшін белгілі бір жеңілдіктер бар. ҚР мемлекеттік қызметкерді сайлау талаптарын зерттеу келе, мемлекеттік қызметтегі басшылық лауазымына келесідей келу жолдарын ұсынып отырмыз:



4-сурет. Мемлекеттік қызметтегі басшылық лауазымына келу жолдары

Сондай-ақ, меритократиялық принциптерінің Қазақстанда жүзеге асуының көрінісі ретінде келесі кестені көрсетіп отырмыз. Бұл еліміздегі мемлекеттік қызметке өз білімі мен еңбегімен, басшылық лауазымына жас мөлшері бойынша 35 жасқа дейін жеткен қазақстандықтарды ұсынып отырмыз. Толық ақпарат Қосымша А көрсетілген.

1-кесте. ҚР мемлекеттік қызметінде жас мөлшері бойынша 35-ке дейін басшылық лауазымына жеткен басшылардың тізімі (Жергілікті басқару органдары мен орталық билік органдарының ресми сайтынан алынған мәліметтер негізінде құрастырылды).

№	Аты-жөні	Лауазымы	Т.ж., жасы
1	Ахметов Мәди Абылайұлы	ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты	1995 (25)
2	Сүлейменова Зүлфия Болатқызы	ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты	1990 (30)
3	Оралов Асхат Раздықұлы	ҚР АҚДМ вице-министрі	1990 (30)
4	<u>Шаяхметов Сәкен Бейімбетұлы</u>	Павлодар обл. әкімінің орынбасары	1990 (30)
5	Кәрібек Дәулет Жамаубайұлы	Жамбыл обл. әкімінің орынбасары	1990 (30)
6	Адамбеков Тілектес Серікбайұлы	ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты	1989 (31)
7	Қаражанов Жұмабек Байрақбайұлы	Атырау қ. әкімінің орынбасары	1989 (31)
8	Мүлкәй Мирас Рүстемұлы	Орал қ. әкімінің орынбасары	1989 (31)
9	Шиповских Геннадий Геннадиевич	ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты	1989 (31)
10	Шаймурунов Саят Жұматович	Қостанай қ. әкімінің орынбасары	1989 (31)
11	Сембинов Азат Талғатұлы	ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты	1989 (31)
12	Кенжеханұлы Ермек	Ақтөбе обл. Әкімінің орынбасары	1988 (32)

№	Аты-жөні	Лауазымы	Т.ж., жасы
13	Хамбаров Руслан Геннадьевич	Ақтөбе обл. әкімінің орынбасары	1988 (33)
14	Мұхамадиев Ернат Архатұлы	ҚР МСМ Аппарат басшысы	1988 (33)
15	Сәттібаев Айбек Берікұлы	Шымкент қ. әкімінің орынбасары	1987 (33)
16	Тұрысов Әсет Нұрланұлы	ҚР ЦДИАӨМ вице-министрі	1987 (33)
17	Жанасова Әсел Жұбанышқызы	ҚР СИ вице-министрі	1987 (33)
18	Қарабаев Марат Кәрімжанұлы	ҚР ИИДМ ИДК төрағасы	1987 (33)
19	Ерғалиев Әсет Арманұлы	ҚР Ұлттық экономика министрі	1986 (34)
20	Әбдіқадыров Әлішер Елісұлы	ҚР Ұлттық экономика вице-министрі	1986 (35)
21	Қиқимов Мақсат Сәкенұлы	Алматы қ. әкімінің орынбасары	1986 (35)
22	Мадалиев Алмат Курмангазыевич	ҚР Әділет вице-министрі	1986 (35)

Осыдан, біздің еліміздегі мемлекеттік қызметкерлеріне меритократия принциптері жүзеге асып жатқанын көріп отырымыз.

Бүгінде Президент жүктеген міндетке сай басқарудың барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік қызметкерлердің оңтайлы санын анықтау бойынша жұмыс жүргізілуде. Яғни, мемлекеттік қызметте тек кәсіби мамандардың қалуы көзделуде. Сонымен бірге «қызмет үшін – адам» қағидаты емес, «адам үшін – қызмет» қағидатына негізделген сервистік мемлекет құруға көшу жоспарлануда. Қазірдің өзінде атқарылған жұмыстар аз емес, алға қойған міндеттер айқын [6].

Мемлекеттік саясат меритократиялық қоғам құруды көздейді. Бұл көптеген қазақстандықтардың арманы. Кім-кімнің де өз еңбегіне лайықты бағасын алатын, жеке тұлға өз талпыныстарына, қабілетіне сай жоғары өрлейтін, әлеуметтік теңсіздік орнаған қоғамда өмір сүргісі келетіні анық. **«Әркімге – еңбегіне қарай»** дейтін меритократиялық қағида – нағыз әділеттіліктің өлшемі.

Мемлекет тарапынан осы қағидаттарды ұстану және сақтау, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлердің шын мәнінде тиімді жұмысы әкімшілік аппараттың сапалық құрамы бөлігінде де, мемлекеттік қызметтің беделін көтеру бөлігінде де мемлекеттік қызмет институтын нығайтуға ықпал ететін болады.

Меритократия – уақыт талабы және бұл қағида мемлекеттік органдарға қызметке өту негізі екендігі сөзсіз.

Қорытынды

Тәуелсіз мемлекетіміз қанатын кең жайып, ел мәдениеті дамыған бүгінгі заманда тек білімді азаматтар ғана халқымызды асқақтатып, елімізді көкке көтереді. Қазақстанның болашағы кәсіби

мамандардың еншісінде екенін ескерсек, бұл азаматтардың сапалы білім алып, тәрбиелі, көзі ашық, көкірегі ояу болып қалыптасуына қоғамның да әсері зор екені мәлім.

Елбасымыздың жастардың сапалы білім алып, саналы азамат болуы үшін де бүгінгі таңда білім-ғылымға және мәдениетке аса көп назар аударатыны, ғылыми прогрессті дамыту үшін көптеген қызмет атқарып, еліміздің өркендеуіндегі білімнің маңыздылығын айтып, нұсқау беруі – бәрі де мемлекетіміздің экономикасының қарыштап дамуындағы бірден-бір өзгеріс екені баршамызға айқын.

Меритократиясыз Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына енуіне қол жеткізуді жоспарлау мүмкін емес. Сондықтан меритократия бүкілхалықтық арманның негізін қалаушы қағидат болып табылады. Бұл өзгерістер Қазақстанның қоғамдық өмірін өзгертетін тарихи міндеттер кешенін шешуге магистральдық жол ашады.

Біздің еліміздің мемлекеттік қызметкерлеріне меритократия принциптері қолданылады. Бірақ, сол принциптер арқылы жақсы жұмысқа орналасу немесе басшылық лауазымына жету үшін Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан реформалардың практикалық аспектілерін талдау және эксперттік сауал жүргізу арқылы анықталған фактілер негізінде, сондай-ақ, басшылық лауазымға жеткен қазақстандықтардың еңбек жолын зерттей келе, **келесідей нұсқаулықтарды ұстану қажет деп санаймыз:**

